[ø] – иектің төмен түсің, ауыз қуысының оргаша ашылуымен жасалатын дауысты дыбыс. Тіл ұшының астыңғы күрек тістердің ұшына тиіш, тіл ортасы жұмсақ таңдайдың алдына қарай көтеріліш, кедергі тудырыш, қос еріннің дөңгеленіп алға жылжуымен жасалатын жіңішке дыбыс (4-ші суретті қараңыз). Буын талғамай, сөздің барлық буында қолданыла береді. Жеке дыбысталаудағы және ыргақтық тоptың басында түрғандағы дифтонгоидтық қасиеті, сөздің басқа буында байқалмайды.




4-сурет. Қазақ тілінің жартылай ашық еріндік жуан [o] (оң жақта) және жартылай ашық еріндік жіңішке [ø] (сол жақта) дауысты дыбыстарының жасалуындағы сөйлеу мүшелерінің қалпы.

[y] – иектің төмен түсің, кедергінің тіл артында пайда болыш, ауыз қуысының тар ашылуынан жасалатын қысаң дауысты дыбыс (5-ші суретті қараңыз). Тіл ұшының астыңғы қызыл иекке тиіш, қос еріннің дөңгеленіп алға

Бейсетаев Р. Қазақ тілі дауысты дыбыстарының...

жылжуынан жасалатын жуан еріндік дыбыс. Сөздің барлық буыннанда қолданыла береді.



5-сурет. Қазақ тілінің қысаң еріндік жуан [y] (оң жақта) және қысаң еріндік жіңішке [ɿ] (сол жақта) дауысты дыбыстарының жасалуындағы сейлеу мүшелерінің қалты.

[y] – иектің төмен тұсіп, кедергінің тіл ортасында пайда болып, ауыз қуысының тар ашылуынан жасалатын қысаң дауысты дыбыс (5-ші суретті қараңыз). Тіл ұшының астынғы күрек тістердің ұшына тиіш, қос еріннің деңгеленіп алға жылжуынан жасалатын жіңішке еріндік дыбыс. Сөздің барлық шенінде кездесе береді.

«Дауысты дыбыстар ауыз қуысында ешбір кедергісіз жасалады, сондықтан ауа ағыны қарқынды өтеді», «Дауысты дыбыстар көмекейде даусы желбезегінің тербелісі арқылы жасалады», деген шікірлер тіл білімінде қалыштасқан. Біз жүргізген кешенді зерттеудің нәтижесінде шікірлердің шындыққа сай келмейтінін көрсетеді. Даусы желбезегі ешбір дыбыстың жасалуында тербелмейді және оның қозгалуы заңдылығы белгілі бір дыбыстың тебеліс жиілігіне сай келмейтіні ультрадыбысты зергтеу нәтижесінде байқалды.

«Дауысты дыбыстың ауыз қуысында жасалым амалы» делініп, 1-ші–5-ші суретте берілген бейнелерді талдай келе, тіл дыбыстарының физиологиялық жасалымының бүрын байқалмаған бір ерекше заңдылығына назар аударамыз: кез-келген дыбыстың жасалуында ауыз қуысында бір (кейде екі) кедергі пайда болады. Өкпеден шығып, көмекейдегі даусы желбезегі саңылауынан сүзіліп өткен ауа ағыны ауыз қуысындағы осы кедергіні (кейде екі кедергіні) ағып өтіш, нәтижесінде, нақты тіл дыбысы жасалады. Мысалы, 1-ші суреттен көріп отыранымыздай, қазақ тілінің аптық дауысты дыбысының жасалуында ауыз қуысында дыбыстай (негізгі) кедергісі және оның нақты тіл дыбысына сай келетін шілпіні пайда болады.

Негізгі кедергінің жоғарғы (тұрақты) бөлігі болыш адамның жұмсақ таңдайы басты қызмет атқарады. Адамзаттың ұзақ даму эволюциясында, жұмсақ таңдай дыбыс жасаушы негізгі сейлеу мүшесі болыш толық қалыштасқан. Бір адамның дауысы, тембрі жағынан алыш қарағанда, екінші адамның дауысынан осы жұмсақ таңдайдың биологиялық құрылымымен және оның акустикалық қасиетімен ажыратылады. Сонымен қоса, жалпы ауыз қуысы резонаторының шілпіні мен көлеміне де байланысты.

Тіл дыбысының тембрін жасауда қос наизашықтың арасы арқылы бейнеленген кедергі саңылауы шамасының да қызметі ерекше (1-ші суретті қараңыз). Қолдынылған ультрадыбысты зерттеуге негізделген жапонның ALOKA апараты бізге түрлі тіл дыбысына сай келетін осы кедергінің шілпінің және кедергі саңылауының шамасын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде анықталған кедергінің шілпіні 1-5-ші суретте берілді, ал кедергі саңылауының шамасы мынандай:


- [ə-a] дыбыстарының жасалуында – 5,5-6 мм;
- [e, e-o] дыбыстарының жасалуында – 4-4,5 мм;
- [i-ı, ı-ı] дыбыстарының жасалуында – 3-3,5 мм.

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының зерттеліп, анықталған кедергі саңылауының шамасы (h) және оларға сай қабылданған тембрлік белгілері 1-ші кестеде берілді.

1-кесте. Қазақ тілі дауысты дыбыстарының кедергі саңылауы және олардың шамасына сай қабылданған тембрлік белгілері

Қазақ тілі дауыстылары	а Кедергі саңылауының шамасы (мм)	Дауысты дыбыстың жасалым тембрі
[ə-a]	5,5-6	ашық
[e, e-o]	4-4,5	жартылай ашық
[i-ı, ı-ı]	3-3,5	қысаң

Қазақ тілінің жуан [a] дыбысының жасалуындағы ауыз қуысының шілпіні, негізгі (резонаторлық) кедергі және кедергі шамасы 6-шы суретте берілді. Көрсетілген суретте: I – қалышты сейлеу, II – қатты сейлеу, III – өтө қатты сейлеу барысындағы ауыз қуысы резонаторының және ондағы сөлеу мүшелерінің өз-ара үйлесімді қызмет атқару (дыбыстау) кезіндегі сәті көрсетілді. Келтірілген суреттің барлық нұсқасында тілдің қалыш мен шілпіні бірдей. Өлшемен жоғарғы күрек тістің тәменгі қыры мен тәменгі еріннің үстінің арасы әр түрлі: қалышты сейлеуде аз, оргаша қаттылықта кең, ал қатты сейлеуде одан да кең.



6-сурет. Қазақ тілінің жуан [a] дыбысының жасалуындағы ауыз құсының пішіні, негізгі (резонаторлық) кедергі және кедергі шамасы. Көрсетілген суретте: I – қалыпты сөйлеу, II – қатты сөйлеу, III – өте қатты сөйлеу. Суретке түсінік мәтінде берілді.

Біз жүргізген кешенді соматикалық эксперименттің нәтижесі қарастырылыш отырған қазақ тілінің ашық дауысты [а] дыбысының үш түрлі қаттылықта айтылып жасалуында бәріне оргақ ерекшелік бар екендігін көрсетіп отыр:

- дыбыстау кедергісі тіл артының жұмсақ таңдайдың артқы тұсына қарай жоғары көтерілуі арқылы жасалады;
- тіл ұшы астыңғы қызыл иектің төменгі тұсына жанасып тұруы барлық нұсқада бірдей – тұрақты;
- жақтың ашылу шамасы әр түрлі: жуан [а] дыбысын қалышты айтуда алдыңғы күрек тістердің ара шамасы 18-20 мм болса, оргаша қаттылықта 24-25 мм, ал аса қатты айтуда 32-38 мм шамасында;
- жақтың ашылу шамасы әр түрлі болғанымен, кедергі саңылауының шамасы барлық нұсқада бірдей – 5,5-6 мм. Бұл – тіл дыбыстарының жасалуын қадағалаудағы адам санасының ерекше жауапты қызметінің көрсеткіші: жақтың ашылу шамасы өзгергенмен кедергі саңылауының шамасы өзгермейді: кедергінің ауа ағыны өтетін саңылауының шамасы нақты бір дыбыстың тембрін жасаушы негізгі физиологиялық ерекшеліктердің бірі.

Сөз соңында, арнайы қарастырылған қазақ тілінің жуан ашық дауысты [а] дыбысының үш түрлі қаттылықта айтылып жасалуын, оның үш түрлі регистрде дыбысталуы деуіміз керек.

Жоғарыда жүргізілген талдауға сай, кедергі пайда болатын орындар: тіл арты, тіл оргасы, тіл ұшы және астыңғы ерін. Бұлардың бәрі қозғалмалы астыңғы жакта орналасқан. Осыларға орай, тіл дыбыстары үлкен тоштардың ішінде тіл арты, тіл оргасы, тіл ұшы және еріндік болыш, төрт кіші тошқа бөлінеді. Өз ішінде, тіл ұшы арқылы жасалатын дауыссыз дыбыстар кедергінің жоғарғы бөлігіне сай – тіл ұшы-тіс және тіл ұшы-қызыл иек болыш, екіге бөлінеді. Ал, дауысты дыбыстар өз ішінде кедергі саңылауының шамасына қарай (жақтың ашылу) тағы ерекшеленіп, – ашық, жартылай ашық және қысаң болыш, үш кіші тошқа бөлінеді.

Осы талданған қазақ тілі дыбыстарының жасалу орындары мен жолдарының ерекшелігі, тіл дыбыстарының жасалуындағы негізгі ұйытқы – тілдің өн бойында пайда болатын кедергінің жасалу орны және дыбыстау кезіндегі барлық сөйлеу мүшпелерінің үйлесімді қызметінің орындары мен көрсеткіштері бізге, негізін Ә. Жұнісбеков қалаған [9], қазақ тілінің «артикуляциялық базасының» бір ұлғасін жасауға мүмкіндік берді.

Енді, келтірілген тәсіл бойынша жіктелген тіл дыбыстарын дауысты және дауыссыз дыбыстар түрінде жеке-жеке қарастырамыз.

Дауысты дыбыстар сөйлеу барысында еріннің қалпы жағынан ажыратылып, екі үлкен тошқа жіктеледі – езулік (жуан [а], жіңішке [ә], аралық жіңішке [е], жуан [ы] және жіңішке [і]) және еріндік (жуан [о], жіңішке [ө] және жуан [ұ], жіңішке [ү]).

Бейсетаев Р. Қазақ тілі дауысты дыбыстарының...

Дауысты дыбыстарды өрі қарай жіктеу кедергі саңылауының шамасына (өкінішке орай, төменгі жақтың ашылу шамасына делініп жүр) байланысты жүргізіледі. Жоғарыда айтқанымыздай, езулік дауыстылар: ашық – жуан [a], жіңішке [ə]; жартылай ашық жіңішке – [e]; қысаң – жуан [ы], жіңішке [і] болып келеді. Ал, еріндік дауыстылар: жартылай ашық – жуан [o] және жіңішке [ө]; қысаң – жуан [ұ] және жіңішке [ү] болып келеді. Сонымен қоса, дауысты дыбыстар дыбыстау ашаратының өн бойында кедергінің жасалу орнына (арттан алға қарай) байланысты да ажыратылады: тіл арты – [a, ы, o, ү]; кедергінің оргаша қалышы – [e]; тіл оргасы – [ə, і, ө, ү].

Дауысты дыбыстардың жасалу орнына қарай реттелуі, сонымен қоса, тіл ұшының астыңғы тіс-қызыл иек бойымен жанаса жоғары-төмен орналасуына да байланысты: жуан дауысты дыбыстарды [a, ы, o, ү] айтқанда тіл ұшы толық төмен түсіп, жіңішкелерді [ə, і, ө, ү] айтқанда тіл ұшы астыңғы күрек тістердің ұшының шамасында болады. Ал, аралық дауыстарды [a, e] айтқанда тіл ұшы төменгі күрек тіс пен қызыл иектің арасы шамасында (оргаша деңгейде) болады.

Соңғы екі жіктеуді біріктірсек: қазақ тілінде дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып келуі ауыз куысындағы дыбыстау резонаторының формасына байланысты ажыратылады. Жуан дауысты дыбыстардың айтылуында резонатор ұзын өрі кен, ал жіңішке дыбыстарды айтуда – қысқа өрі тар болып келеді. Аралық дауыстылардың айтылуында резонатордың формасы оргаша қалышта болады. Бірақ, аралық [a, e] дауысты дыбыстарының айтылуында ауыз куысы резонаторының формалары белек-белек. Осының барлығы кейін фонетикалық әлішбиден анық аңгарылып тұрады.

Тіліміздің негізгі құбылысы сингармонизмнің пайда болуы және сақталуы, тілдің негізгі заңдылықтарының қызмет атқаруы – буын құрау, буыннан сез (ырғақтық топ) құрау, сөздің дыбыстық құрамының сөйлеу жылдамдығына байланысты өзгеріске ұшырауы және осыған байланысты ырғақтық топтың буындық құрылымының құбылмалы қасиеті т.б., негізінен дауысты дыбыстардың жасалу және дыбысталу ерекшеліктеріне, олардың дауыссыздармен үндесіш, әр түрлі буын ұлғілерін құрау мүмкіндіктеріне орай қалыштасқан.

Бүгінгі жастарымыздың ырғақтық топ құрап сөйлей білмеулері, ал білгендерінің буын құрамындағы дыбыстарды үндестірмей айтудары, тілімізде дауысты дыбыстардың «спектрі» реңді болып жасалу табиғатына шек қойды. Қазақ тіл білімінде жазуға және жастар тіліне (жастар қалай жазылса, солай оқиды) негізделген кейбір жалған «ғылыми» тұжырымдар жасалып жүр.

Сонымен, қазақ тілінде аралас буынды ырғақтық топтың өн бойында біркелкі дауыс тембрі ырғақтық топтың барлық буындарының ретті

ТҮРКОЛОГИЯ, № 5-6, 2010

жасалуында, тіл бойындағы кедергінің орны мен тіл ұшы қалпының тұрақтылығымен қамтамасыз етіледі. Екінші сөзбен айтқаңда, ырғақтық тоңтың дыбысталуында ауыз қуысындағы дыбыс резонаторы шілпінің тұрақтылығымен қамтамасыз етіледі.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. *Джунисбеков А.* Проблемы тюркской словесной просодики и сингармонизм казахского языка. АДД. Алма-Ата, 1988, 46 с.
2. *Айғабылов А.* Қазақ тілінің морфонологиясы. Алматы, Санат, 1995, 136 б.
3. *Күлкібаев Ф.Ә., Бұласай Қазақ тілінің дыбыс жүйесі.* Қарағанды, Санат, 2004, 144 бет.
4. Физиологические механизмы звукообразования человеком в норме (*авторы: Кулкыбаев Г.А., Бейсетаева Ж.Р., Жаксыбекова Ж.З., Бейсетаев Р.*), рег. №144 от 17 июня 2004 г. в Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.
5. Физиологические механизмы реализации тембральных характеристик звуков речи (*авторы: Кулкыбаев Г.А., Бейсетаева Ж.Р., Жаксыбекова Ж.З., Бейсетаев Р.*), рег. №145 от 17 июня 2004г. в Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.
6. *Кулкыбаев Г.А., Бейсетаев Р., Байжанов Е., Бейсетаева Ж.Р., Жаксыбекова Ж.З.* О Физиологических механизмах звукообразования человеком в норме. /В сб.: Научные труды I съезда физиологов СНГ, т. 1. Москва, Медицина-Здоровье, 2005, С. 199.
7. *Бейсетаев Р. Бейсетаева Ж.Р.* Зонная природа образования звуков тюркской речи и физиологические механизмы её реализации. /Авторское свид., рег. № 193 от 30 марта 2007 г. в Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.
8. *Бейсетаев Р. Бейсетаева Ж.Р.* Физиологические механизмы продуцирования и регулирования частоты основного тона в голосовых связках человека в норме (Новая нейрохронаксическая теория). /Авторское свид., рег. № 523 от 20 ноября 2007 г. в Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.
9. Страй казахского языка. Алма-Ата, Наука, 1991, 128 с.

REZUME

BEISETAEV R. (Karagandi) **BIOLOGICAL FORMATION AND NATURAL FEATURES OF KAZAKH VOWELS**

The basic features of sin-harmony in the Kazakh language is that the place of formation of language sounds corresponds to a timbre of syllabic parts prosodic groups not constant accordingly and their acoustic characteristic is changeable. In connection with that any language sound is formed in the course of speech with "an infinity" shade. At the same time features of anatomic and physiological formations of sounds of the Kazakh language are stated in the article.

Ұ.К. ИСАБЕКОВА

ТУБІРЛЕР – ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘНГІЛІК МӘСЕЛЕСІ

В тюркологии корневая концепция имеет свою длительную историю изучения, тем не менее, несмотря на то, что она всесторонне исследована, вне поля зрения всегда оставались вопросы о разграничении структурных типов корневых слов, об определении фономорфосемантической природы. Сложная природа тюркских корней может быть четко разграничена только при комплексном рассмотрении структурных особенностей корневых слов. Поэтому одной из актуальных проблем является исследование корневых слов в тюркских языках с позиций структурно-системных, сравнительно-исторических и антропоцентрических парадигм.

Türkolojide dil bilgisinin çok taralı incelemesine rağmen kelime kelimelerin yapısı yeterince değerlendirilmemiştir. Yazar bu problemin türk kelimelerini köklü yapısını inceleyerek çözmeyi sunmaktadır.

Тұбір – сөздің толық лексика-семантикалық мағынасын білдіретін, тілдің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші бөлшегі. Ал негіз сөздің толық мағынасын бергенімен, тарихи түрғыдан тұбір мен аффикстерге ажырап кетеді. Негіздерді тұбірлес сөздерді топтастырғанда салыстырамыз да, дыбыстық құрамын ажыратамыз.

Тұбір морфологиялық деривациялық процессте өзгеріске ұшырамайтын сөздің негізгі заттық, лексика-семантикалық мағынасы. Ал тұбірдің дамуына себеп болатын семантикалық процесстер (мағынаның жіктелуі, даралануы және т.б.) негіздің мағынасын құрайды.

Тұбір тілдік дамудың нәтижесінде және коммуникациялық сұраныстан пайда болған әр түрлі сөз формаларға ұйытқы болады. Негіз тұбірдің дамуының келесі сатысында жасалатын тілдік бөлшек ретінде қызмет атқарады. Қазіргі тілдік қорымыздагы көптеген сөздердегі тұбір мен қосымша әбден бір-біріне кіріп кеткендіктен, жеке-жеке компоненттерге ажырата алмаймыз. Мұндай тұбірлердің бастапқыдағы мағынасына қазір сол тұтас тілдік тұлға берумен қоса, жүрнақтардың мағынасы да жамалған. Сондықтан олар қазіргі тілдік тұрғыдан негіз деп танылуға тиіс.

Тұбірлердің уақыт өсіндегі кезеңдерге қалдырыған бедерлерін негіз, тұбірлес сөз, туынды сөз ретінде танимыз. Тұбірдің қурделілігін туынды сөздердің тарихилігін, сөзжасамдық процестің көнелігін көрсетеді.

Тұбір даму барысында негізге айналатын кездері жиі болады. Сондықтан негіз де тарихи категория. Тұбірге тән қасиеттерді бойына сіңіріп, тілдік жүйеде мағынасы мен дыбыстық құрамы тұрақтанған туынды сөздерғана негізге айналады. Ал бұл негіздер басқа да туынды сөздермен бірге бір тұбірден дамыған тұбірлес сөздердің қатарын толықтырады. Кейбір туынды

сөздердің алғашқы түбірін анықтау қынға соғады да, күрделі, мағынасы айқын сөздерді түбір деп таниды. Сонда негіз түбір сөз ретінде танылады. Кейбір жағдайларда сөзжасам заңдылықтарымен түсіндіру қын кездерде «жұмбак» сөздер де түбірлес сөздердің қатарына енеді. Мысалы: жарық, шуақ сөздерін сөзжасам тәсілдерімен түсіндіру қынға соғады. Осылармен мәндес сөздерді бір семантикалық еріске топтастыру нәтижесінде алғашқы түбірдің дамуынан пайда болған түбірлес сөздер екендігіне көз жеткізу деміз. Қазіргі дыбыстық құрамы арқылы морфология мұны дәлелдей алмайды. Морфологияның бір саласы ретінде танылатын сөзжасамның амал-тәсілдері тайға таңба басқандай анық түстарын ғана, әсіреке, форма жағынан ажыратып береді де, тілдік единицалардың бұлышыры түстарын этимологияның еншісіне қалдырады.

Түркі тілдері түбіртану мәселесін зерттеуде дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар тың теориялық-методологиялық қагидаларды да ұстанудың қажеттігін көтеріп жүрген башқұрт ғалымы А.Шайхулов [1, 51-63]. Еділ-Жайық аумағын мекендеуші түркі халықтары тіліндегі моносиллабтарды фонетикалық, морфологиялық, фono-семантикалық тұрғыдан саралау барысында аталған аймақтағы қышишақ тобына енетін тілдерде қолданылатын 4000-нан аса түбір-негіздердің жартысына жуығы этимологиясы күнгірт, дербестігінен айырылған бірліктер деген қорытындыға келеді. Түркі түбірлерінің құрылымдық сипаттамасын жасау үш деңгейлі (фонологиялық, морфологиялық, семантикалық) зерттеу аясында жүргізілгенде ғана нәтижелі болатынын баса көрсеткен ғалым тұжырымдарынан түбір табиғатын зерттеуде теориялық-танымдық бағытты да ұстанатының, имманенттік талдау мен когнитологиялық талдауды ұштастыра қарастыруды қолдайтынын байқаймыз.

Сондай-ақ ғалым түбір құрылымын анықтауда біраз дау-дамай тұгызып жүрген протезалық дыбыстардың, «екінші дәрежелі дифтонгілер мен созылыңқылардың қалыптасуы да түбір құрамын фонетикалық басқа сипатқа алып келгені мәлім» [2, 141], – деп бастанапқы түбір құрамына аталған құбылыстардың аса қатысы жоқтығын мәнзейді. Алғашқы түбірлердің дыбыстық құрылымы мәселесі туралы айтылған пікірлер түркологияда бүгінгі күнге дейін толастамағандықтан, әлі де түркітанушыларды қызықтырып келе жатыр. 1957 жылы Г.И.Рамstedt алғашқы тарихи түбір немесе екі буынды болатындығын дәлелдеген. Одан кейін барлық материалдар мен теорияларға талдау жасай келіп, В.Л.Котвич негұрлым қысқа формалар ататүркі тілдеріне тән белгі болады, керісінше, ұзақ монголдық формалар кейіннен пайда болған құбылыс екенін айтады.

Түркітанушы Н.А.Басқаков түркі тілдерін зерттей келе мынадай қорытындыға келеді: «Ақиқат-заттық мағынасы бар сөздің түбірі дербес сөз ретінде қолданыла алады. Осылан байланысты сөз тіркесі құрамында және сейлем ішінде өзінің қызметі бойынша белгілі бір грамматикалық формасы болады. Агглютинативті тілдердің флексивті тілдерден айырмашылығы да осында. Аффикстер лексика-грамматикалық және функциональды-грамматикалық сөзжасамдық аффикстері және сөз түрлендіруші аффикстер болып белінеді» [3, 43]. Н.А.Басқаковтың пікірі бойынша, түбір лексика-грамматикалық сөзжасам аффикстерімен тіркесіп бірінші негізді, ал

Исабекова Ү. Тұбірлер – тіл білімінің мәңгілік...

функционалды-грамматикалық сөзжасам аффикстерімен тіркесіп екінші негізді құрайды, яғни міндетті түрде негізгі базалық элемент ретінде тұбір қатысып, сол арқылы түркі тілдеріндегі сөздің морфологиялық құрылымы біріншілік және екіншілік екі түрлі негізден тұрады. Бұдан түйіндеріміз: негіздің сөзжасамдық аффикстердің қызыметіне тәуелді болатындығы.

К.М.Мұсаев қарайым тілін зерттей келе мынадай қорытындыға келеді: «Сөз таза негізден, сонымен қоса, сөз турлендіруші аффиксті морфемадан тұрады. Өз кезегінде негіз әрі қарай бөлшектеуге келмейтін таза тұбірден тұрады немесе тұбір мен сөзжасамдық морфемадан тұрады» [4, 94-95].

А.А.Юлдашев башқұрт тілінің тілдік жүйесіне талдау жасай келе, тұбірдің семантикалық көлемі негізге қарағанда әрқашан кең болып келетіндігін, тұбір негізден әрқашан көп мағыналы, ал тұбірдің мазмұны негіз семантикасының мазмұнына қарағанда бұлыштырып болатынын, негіз нақтылау, ал онымен салыстырғанда тұбір барлық кезеңдердің жиынтығы болғанымен, әрбір кезеңнің іздері жеке байқалмайтындықтан, дерексіздеу болып келетіндігі туралы тұжырым айтады [5, 39].

Тұбір мен негіз туралы түркітанушы Л.А.Покровская гагауз тілінде ики, сары, оқу, қырмызы, балабан сияқты екі буынды тұбірлер көптеп кездесетінін, бірақ көп буынды тұбірлердің құрамы тарихи талдау барысында морфологиялық элементтерге ажырап кететіндігін, сондықтан, қазіргі кезеңде көп буынды тұбірлердің бәрі сөзжасамдық не басқа да морфемаларға белгінетіндіктен, оларды негіз деп қарастауда дұрысрақ болатындығы туралы пікір айтады [6, 81]. Мұндағы ғалым қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық мағынасы құнгірт болғанымен, көп буынды яғни дыбыстық құрамы құрделі тұбірлерді негіз деп атайды.

Н.А.Басқаков үш дыбыстар тіркесінен құралған бір буынды сөздерді тұбірге жатқызады да, құрамы үш дыбыстан көп болса, басқа тілден енген немесе өлі, тірі аффикстерге ажырайтын тұбірлер деп көрсетеді.

Қазіргі тіліміздегі екі буынды сөздер көп болғанмен, сөзжасау қабілеті бір буындыларға қарағанда әлдекайда бәсен. Орхон ескерткіштерінің тілін зерттеуши ғалым Ф.Айдаров жазба ескерткіштерде тұбірлер көбіне бір буынды не екі буынды болып келетінін, ал екі буынды сөзді тұбір мен қосымшага ажыратуға болатындығын айтады [7, 139].

Бұдан шығаратын қорытындымыз: сөздік қордың негізі болған бір буынды тұбірлердің буын санының үлгайою ете ежелгі дәүірде, Орхон-Енесей жазбалары дәүіріне дейін-ақ әбден орнықкан құбылыс болғандықтан, екі буынды тұбірлер сол дәүірдің өзінде-ақ құрделі құбылыс болып табылады.

Орта ғасыр ескерткіштері тілі деректері негізінде бір буынды сөздердің де туындылар қатарына жатуы мүмкін екенін көрсеткен қазақ тіл білімінде V, VC, CV, VCV, CVC, VCCV, VCVC, CVCC тұлғалы тұбірлер мен тұбір-негіздер тән екені дәлелденді.

Аса ежелгі дәүірлерде қолданылған тұбірлер мен қосымшаларды мүмкіндігінше бастапқы қалпына келтіруді өз зерттеуінің басты мақсаты етіп алған қазақ ғалымы Б.Сағындықұлы қазіргі түркі сөздерінің ежелгі тұлғасын реконструкциялауда дәстүрлі салыстырмалы-тарихи әдістер жиынтығымен қатар математикалық амал-тәсілдерге де, атап айтқанда, теңдеу теориясына жүгінеді.

ТҮРКОЛОГИЯ, № 5-6, 2010

Ғалым математикалық амалды тілдік деректерге қолдану барысында компоненттік талдау әдістерінің нәтижелерін пайдаланады. Тек өлі түбірлер ғана емес қазіргі қосымшалардың да кезінде дербес мәнді лексемалық дәрежеде қолданылғаны туралы гипотезалық идеялардың негізділігін қолдайтын ғалым түркі тілдері дамуындағы жалғамалылыққа дейін флексиялық, синтетикалық көзендердің негізділігін көрсетеді.

Түркі лингвистикасындағы түбіртану мәселесі бойынша айтылған ойпікірлер, түбірлер мен түбір-негіздердің жекелеген аспектілерін қарастырған зерттеу нәтижелері де, кешенді түрде жүргізілген зерттеулер де тілдегі түбірлік денгейдің қалыптасуы мен дамуы фонетика-фонологиялық, морфологиялық, семантикалық, ономасиологиялық құбылыстардың өзара тығыз байланысына негізделетінін, түбір табигатын тереңірек тани тұсу үшін тарихи түбірлердің сыртқы тұлғасы мен ішкі мазмұнын сабактастыра қарастырудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Үнемі даму үстінде болатын тілдік жүйенің өзгермелі, икемді табигаты моносиллабтардың құрылымдық модельдерінің даму бағытымен, оның құрамындағы фоно-корреляттардың өзара сәйкестік түзу мүмкіндігімен, таралу аясымен, фоно-морфологиялық, фоно-семантикалық, идеофондық, идеосегменттік қырларымен сипатталады. Ал бұл аталған мәселелер түбіртану саласында іргелі зерттеулерді құтуде.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Шайхулов А. К проблеме коренных основ и коренных слов в тюркских языках // Түркология. -2004. №2. -С. 51-63.
2. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. -Алматы: Фылым, 2002. -614 б.
3. Баскаков Н.А. К вопросу о классификации тюркских языков // Известия АН СССР. Отд. Литературы и языка. -1952. № 2. -С. 17-22.
4. Мусаев К.М. Грамматика караимского языка. Фонетика и морфология. -Москва: Наука, 1964. -С.344.
5. Йоддашев А.А. Система словообразования в спряжении глагола в башкирском языке. -Москва: Наука, 1958. -194 с.
6. Покровская Л.А. Грамматика гагаузского языка. Москва, 1964. -298с.
7. Айдаров Ф. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. Алма-Ата, 1971. 379с.

REZUME

**ISABEKOVA U. K. (Almaty)
ROOTS - QUESTIONS OF FOREVER IN THE LANGUAGE STUDY**

In Turcology the root concept has the long history of studying, nevertheless, in spite of the fact that it is comprehensively investigated, out of sight always there were questions on differentiation of structural types of root words, on definition of the phonetic-morphological semantic nature. The difficult nature of Turkic roots can be accurately differentiated only by complex consideration of structural features of root words. Therefore one of actual problems is research of root words in Turkic languages from positions of structurally-system, comparative-historical and anthropocentric paradigms.

Әнес F. Махамбет өлеңдері нұсқаларындағы мақсатты ...

F.ӘНЕС

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІ НҰСҚАЛАРЫНДАҒЫ МАҚСАТТЫ ЖӘНЕ ТЫНЫС БЕЛГІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ПАЙДА БОЛҒАН АУЫТҚУЛАР

В статье говорится о пунктуационных и лексических отклонениях в поэтических изданиях Махамбета Утемисулы.

Yazar M.Ötemisulu eserlerindeki amaçlı ve noktalama işaretleri açısından ortaya gelen değişiklikleri değerlendirmiştir.

Мақсатты ауытқулар негізінен мәтін ішіндегі сөздердің үйқас үшін, өлең сөздің сұлулығы үшін шығарушылардың қажет деп тапқан синонимдерімен, мағынасы көмексі тартқан сөздерді түсінікті болып табылатын атауларға ауыстыруымен және ең бастысы, саясат (цензура) араласқан тұста белгілі бір сөздерді өдейі өзге бір сөзben ауыстыруға байланысты болып келеді.

Оған жоғарыда біз лексикалық ауытқулар деп таныған сөздер тобы мысал бола алады. Әрине, бұл – санамаланған өзгерістер тілге, мәтін тұтастығына жасалған тікелей қиянат. Махамбет өлеңдерінде саяси цензураның дұмыуімен жасалған өзгертулер уақтылы текстологиялық жағынан қайта қалпына келтірілгендейдікten, мектеп бағдарламаларынан бастап, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарына дейін еніп, құлаққа сізді болып кеткен. Сондықтан да кейінгі ұрпақ (адресат) бүрмаланған сөздердің астарына үцілмесстен, сол күйінше оқи беретін дәрежеге жеткен. Мәтінтанушы маманың тікелей міндеті мәтіннің құрылымын о бастағы қалпына барынша жақындану болғандықтан, әр жылғы тізімдерді салыстырып, автор қолданған тұпнұсқаға барынша жуық варианттарды сини (канондық) нұсқада таңдаға алуға тура келеді. Мысалы:

Тағы сыңды мырза едік (1989)//

Тағы сыңды ер едік (1974).

Бұлықсып жүрген мырзадан (1989)//

Бұлықсып жүрген ерлерден (1939, 1948, 1974).

Қанның тобы үш атты (1948, 1939)//

Орыс добын үш атты (1989).

Алаштағы жақсыдан (1989, 1948)//

Елдегі асыл жақсыдан (1939).

Мұсылманиң баласын (1989)//

Кара қазақ баласын (1939, 1948, 1974).

*Ауызы тұкті көуірдің (1925) //
Ерегіскен дүшпанды (1989, 1939).*

Тізімдердегі тыныс белгілеріне қатысты пайда болған айрымдар.

Тыныс белгілерінің төл тілімізде қалыптасуы ұлттық жазудың қалыптасуы дәуірімен байланыста қарастырылып жүр [1]. Сол сияқты профессор Б.Әбілқасымов алғашқы қазақ газеттеріндегі тыныс белгілерінің жайына арнайы тоқталғандығы белгілі [2, 61]. Бұл көрсетілген еңбектерден қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің біртіндеп бір ізге түсे бастауы XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін созылғанын көреміз.

Ал жалпы тыныс белгі, пунктуациялық ережелердің бір қалыпта түсіү хат мәдениетінің дамуы, түрлі әдеби шығармалардың баспа бетін көруімен байланысты, қажеттілікten туындастыны белгілі.

Араб әліппейін пайдаланған тілдердің қай-қайсысында да көпке дейін тыныс белгілері бір ізге түсіп, жалышылық сипат ала қоймағандығы туралы проф. А.Казембек былай дейді: “В восточных языках нет знаков препинания (исключая в Ал-коране). Это одно из существенных причин, по которым книжный язык всегда отличается от языка разговорного. Если персюнину или турку вздумалось бы писать своим разговорным языком какую-нибудь сказку или роман, то какое сочинение для азиатца было бы столько же запутано и непонятно, сколько для европейца любое романтическое сочинение без всяких знаков препинания, без больших букв и без всякого отделения предметов; Турки, чтобы облегчить эти неудобства, которыми их язык изобилует преимущественно перед восточными языками, прибегают в книжном языке к частому употреблению союзов, деепричастий, причастий и других частей речи, которые служат у них к соединению фраз и предложений, составляющих одно целое, нередко чрезвычайно длинное” [42, 436]. XIX ғасырдың екінші жартысында араб графикасымен жарық көрген аздаған қазақ кітаптары тыныс белгілерін жүйелі пайдалана қоймаған еді. Бұл жөнінде Б.Әбілқасымов былай дейді: “Ең алғашқы баспасөзіміз “Түркістан уәләяті газетінде” де ешбір тыныс белгісі қолданылмаған. “Дала уәләяті газетінде” шыға бастаған алғашқы жылдарындағы номерлерінде де тыныс белгісі кездеспейді. Тек қана ұзак күрделі ой не бір тұтас пікір біткенін білдіру үшін екінші ой жаңа жолдан басталып жазылғаны байқалады. Ал осы абзаңтағы сөйлемдердің өзін бір-бірінен ажырату өте қындық келтіреді» [2, 63].

1896 жылғы 4 августағы 31-номерінен бастап “Дала уәләятінде” тыныс белгілерінің қазіргі жаңа жүйесі туралы хабарлама жарияланады. Оnda *нұктес* (.) – тыныс, *нұктелі үтір* (;) –

Әнес F. Махамбет өлеңдері нұсқаларындағы мақсатты ...

жарты тыныс, ал *үтір* (,) – тыныстың төрттен бірі деп аталғанымен, қолданылатын орындары көрсетілмеген. Кейіннен 1898 жылдан бастап, сызықша, оның қолданылатын орны жөнінде хабарлама берілген. Мұндай ала-құлалық қазақтың тұңғыш ұлттық басылымы саяналатын “Қазақ” газетінде (1913-1917) ғана айқындалып, жоғарыда аталғандарынан өзге сұрау (?), леп (!), сұраулы леп (?!), жақша (), қос нұкте (:) белгілері еркін қолданылатын дәрежеге жеткен [3, 74-75].

Әрине, бұл тыныс белгілік ауытқулар арасында мәтіндегі тыныс жолдарын, интонацияны жүйелеумен қатар сөздің (тіркестің) мағынасын да өзгергіп тұратын тұстары жоқ емес. Мысалы:

Қоғалы көлдер, құм сулар (1925)//
Қоғалы көлдер, құм[.] сулар (1939, 1948, 1989).

Кімдерге қоныс болмаған[.] (1925)//
Кімдерге қоныс болмаған[?] (1948, 1974)//
Кімдерге қоныс болмаған[?!] (1989).

Жау іздеген ерлердің [-] (1939, 1948)//
Жау іздеген ерлердің (1925, 1989).

Тізімдерде көп нұктені” (...) қойыла бастауы 1939 жылдан бастап беле” алады:

Біздің бүйткен бұл іске[...] (1939)//
Біздің бүйткен бұл іске[.] (1925, 1989, 1948, 1974).

Іштегі қызғын басылды-ау[!] (1939)//
Іштегі қызған басылды-ау[.] (1925)//
Іштегі қызғын басылды-ау[!] (1989, 1974, 1948).

Ажалымыз қайдан-ды[!] (1925)//
Ажалымыз қайдан-ды[?!] (1948)//
Ажалымыз қайдан-ды[?] (1989).

Исатай [-] басшы, мен [-] қосшы (1989, 1974)//
Исатай басшы, мен қосшы (1925).

Орыс добын үш атты[...] (1925, 1939)//
Сонда батыр жөнелді[.....] (1925)//
Қан өскері кенелді[....] (1925).

Әдette қалыптасқан үш иоқатының орнына төрт-бес иоқаттың қойылуы тыныс белгілері жөніндегі ғылыми пікірдің өлі де орныңағандығын білдіреді.

Нұсқаларда сөз мағынасының өзгеруіне әсер ететін *-ды*, *-ді*, *-дагы*, *-дайын*, *-дейін* көмекші элементтердің бірге немесе сыйықша арқылы жазылуына байланысты туындаған орфографиялық ауытқуларды атап өтпеске болмайды.

Тұлқі дейін тұн қатып (1925)//
Тұлқідейін тұн қатып (1989).

Қарындасым барды деп (1925, 1939, 1948)//
Қарындасым бар-ды деп (1989).

Қайғырамын мен дагы (1925)//
Қайғырамын мен-дагы (1948, 1939)//
Қайғырамын мен-дагы (1989).

Кім женері талайды (1925)//
Кім женері талай-ды (1989).

Кейде де, да көмекші етістіктері де өзінің алдындағы сөзбелі бірігіп жазылып кетіп отырған:

Малың берде, басың қос (1939).
Сенде айрылдың көліңен (1939).

Қарадан бірақ тусайшы (1939)//
Қарадан бір-ақ тусайшы (1989).

Егер тізе берсек, тыныс белгіге, орографиялық нормаға қатысты туындаған айырмашылықтар өте көп. Біздің түйіндең айтартымыз, мәтінтануда ұсақ-түйек нәрсе жоқ. Әсіресе, әдебиетшілер мәтінді қалпына келтіруде тыныс белгіге аса көп мән беріп жатпайтыны жасырын жәйт емес. Сол себепті лингвомәтінтанушысыни (канондық) мәтін түзөр тұста ең алдымен осы тыныс белгі, сөздердің дұрыс жазылуына баса назар аударуы шарт. Бұл өз тарапынан жалпы тіл тазалығына, әдеби тіл мәдениетін көтеруге ықпал етері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Новикова Т.М. Лингвистика текста: Современное состояние, синтаксис и перспективы // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 8. М., 1978. -267 стр.; Новикова Л.А. Художественный текст и его анализ. М., 1988; Әбдірахманов Т. Сөз – текстология жайында // Қазақ әдебиеті, 1966, 25-февраль, №9 (С.Торайғыров шығ.).

Әнес Ф. Махамбет өлеңдері нұсқаларындағы мақсатты ...

- Текстологиясы туралы); *Еспембетов А.* Сөз тәркінін іздесек...// «Жалын», 1980; 3.
Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004.-283 б.
2. *Әбілқасымов Б.* XVIII-XIX ғасырлардагы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. – Алматы, Ғылым, 1988. – 144 б.
 3. *Момышнова Б.* «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы, Арыс, 1998. – 110 б.

REZUME

ANES G. (Almaty)
**PUNCTUATION AND LEXICAL DEVIATIONS IN POETIC EDITIONS OF
MAHAMBET UTEMISULY**

The article deals with the punctuation and lexical deviations in poetic editions of Mahambet Utemisuly.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Досбол ИСЛАМ

ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫ ПОЭЗИЯСЫНА ОРТАҚ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНДЕГІ ЗЕРТТЕУ ЖАЙЫ

В этой статье освещаются традиционные и новаторские проблемы тюркской народной поэзии а также исследования процессы казахских стихах...

Bu makalede Türk halk manzum eserlerindeki edebi gelenek ve yenileşme meseleleri ile günümüz Kazak şairindeki incelemeler sorulan ele alınmıştır

Қазіргі түрік халықтары әдебиетінің түп негізін бір арнада тоғыстырытын ең көне тектің бірі – поэзия. XV ғасырға дейінгі тарихи жәдігерлеріміздің, көркемдік дүниетаным арналарының ортақ саналатыны белгілі. Тұыс халықтар этногенезімен сабактасатын поэзиялық жанрдың түріктік дүниетанымындағы жыр атаулының бәрі, әдебиеттің кейінгі даму эволюциясының ішкі көркемдік үқастығын сақтауда маңызды роль атқарады. Мұндай көркемдік дүние түйсіктегі тұтастықтың түрік халықтарының кейінгі әдебиетінде де ортақ сарындар тудырып жататыны заңдылық. Тек ол сарындардың қазіргі текстес әдебиеттердің тарихында әртүрлі кезеңдерде көрініс беретіндігін ескеру керек. Сонымен қатар, бұғынға көркем әдебиеттегі ортақ сарындарды қобіне формадан ізdemей, мазмұндағы идеялық рухтың желісінен қарau керек. Бұл, әсіресе қазіргі әдебиеттің бағыт-бағдарын айқындаудағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесіне кебірек тиесілі. Себебі көптеген туыс әдебиеттерде поэзиядағы жаңашылдықтың жасалуын жанрдың сыртқы шілпініндегі өлшем-өрнектерге апарып қоятын жайттер кездеседі.

«...Углубляя и развития утвердившиеся национальные художественные традиции современная алтайская поэзия нуждается в новых формах и средствах: в границах традиционной ли поэтики или новой. В этом плане плодотворны переосмысление и трансформация народных форм, их развитие до уровня новой формальной структуры» [1, 10], – деген шікірде поэзиялық форма тудырудағы ізденістердің бағыты мен тіректері дұрыс пайымдалған. Жаңа шілпін тудырудағы мұндай шікірлерді кез келген халықтар поэзиясина қарата айтуга да болар. Дегенмен, осы көзқарастың тереңдіне байыштар болсақ, мұнда жаңа форма тудырудың басты қажеттілік болып саналып тұрғанын аңдамай қала алмаймыз. Жанрдағы қалыштасқан ұлттық көркемдік дәстүрлің өсімпаз қырларын қазіргі әдеби процесте бейнелеуде міндетті түрде жаңа форманың керек екендігі біржактылыққа соқтыратындығы мәлім. Ұлттық көркемдікті ізденіс қырынан дамыта жырлауда жаңа форма жасау басты мақсатқа алынбауы тиіс. Әдебиеттегі ұлттық көркемдік жаңашылдығы жаңа формада ғана көрініс бермейді және ұлттық көркемдіктің жаңалығы

Ислам Д. Түрік халықтары поэзиясына оргақ дәстүр...

мазмұнның ішкі рухында жататындығын ұмытшау керек. Шығарманың ішкі рухының ұлттық дәстүрлі көркемдікпен тұтастығы, жаңапылдықтың ғылыми критерилерін қанағаттаңдыра алады. Ал, туындыдағы ішкі рух пафосы дәстүрлі дүниетанымдық арналарымен қабысып, адамзаттық сана қажеттілігін орындаш жатса оның көркемдік биғіне көтерілгені. Мазмұндағы ішкі рух бұлыштырыланып, есесіне жаңардың сыртқы қалыбында өзгерістер пайда болып жатса оны толығымен жаңапылдыққа жатқыза алмаймыз. Сондықтан шығарманың ішкі рухының пафосы бірінші кезекке алынуы керек. Идеялық ішкі рух пафосы ғана сыртқы пішінге тікелей әсер ететін ұмытпаганымыз жөн. Себебі, мазмұндық-идеялық рухтың көрінісі ғана өз қажеттілігіне қарай сыртқы пішінге өзгерістер әкеліп жатады. Рух пафосы жоқ әдебиет кеңестік дәүірдегі қазақ әдебиетінің тағдырын басынан кеппері сөзсіз. Рухсыз, пафоссыз әдебиеттің формализмің жолын құштынын кеңестік қазақ поэзиясы тарихынан көріш, білдік емес де? Жоғарыдағы шікірге қайта оралсақ, жаңа форма тудыру мақсатының біржактылыққа бастайтынына, сондықтан ол шікірдегі ойлардың пішіндік түрленуге ғана оңтайлы келетінің айтқымыз келеді. Алтай поэзиясы да басқа түрік халықтары жырлары секілді өлеңдің негізгі түрлеріне бағынады. Бұл Алтай поэзиясы түр өлшемінің көне оргақ түрлерден бастау алатынын білдіреді. «...Найболее распространены в алтайской устной и письменной поэзии семи- и восьмисложные размеры. Не менее популярны сочетания семи-и восьмисложных стихотворных размеров. Девяти-,десяти-,одинадцати-и двенадцати-сложные размеры встречаются часто, но не в такой степени, как семи-и восьмисложники» [2, 193]. Мұндағы айтылған негізгі түр өрнектерінің қазақ өлеңі түрлерімен табиғаттас екендігін көруге болады. Жалпы жеті-сегіз буынды өлең түрінің «түрік тілдес елдердің қай-қайсысының поэзиясында болсын кеңінен тарағандығын» З.Ахметов айтып кеткен болатын [3, 206]. Мұның алдындағы шікірдегі «сложные размеры» деп отырғанында 12 буыннан жоғары өлең түрлерін атап отырғандығы белгілі. Мұндай күрделі өлшемдердің түрік халықтарына А.Ясаудің «Диуани хикметі» секілді сопылық поэзия арқылы келгені белгілі,

«...У дәвірдіки уйғур жәмий итидә түрлүк мәпкүрәвий екімлар мавжут болған...» [4.11]. Мұнда ұйғыр поэзиясына әкелген сонылық дүниетанымның көркемдік әсері сөз етіледі. Түрік халықтары поэзиясында көркемдік дәстүр тудырган сонылық ұлғі өлеңдің күрделі буынға негізделген ыргақты өлшем-өрнектерімен түрленуіне себеп болды. Мұндай өлшемдік ыргақ жаңапылдық ретінде кейінгі дәүірлердегі түрік халықтары поэзиясында көрініс беріп жатқанымен ежелгі соқшақты еске түсіргендей болады. Көптеген түрік халықтары секілді қазақ әдебиеті де дәстүр аринасынан ажырап қалды. Кеңестік дәүір тұсындағы әдеби дәстүр мен жаңапылдық мәселеесі осыны аңғартады.

Әдеби дәстүрсіз бүгінгі көркем кемелділік тумайтынын «социалистік реализм» әдісі де танытты. Заман жаңа, толғам жаңа болғанымен сол жаңаны

танытушы – халықтық сөз өнері. Үлгіткің сөздік қор жаңалықты қоғамды суреттеуде де зор мүмкіндіктер көрсетіп көп құбылалы сырын ашты. Кеңес дәүірі лирикасының дәстүрді дамытушыларының басында С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Б.Майлин, И.Жансүгіровтер тұрды. Бұл ақындар шығармашылығы тарихында дәстүр мәселесі толымды зерттелгендіктен және кеңестік дәуір ақындарының беріне ортақ жеміс «социалистік реализм» болғандықтан мұндағы белгілі жаңалықтарға тоқтала қоймаймыз. Сол кезеңдегі зерттеушілеріміз де мәселеге социализм принциптерімен ғана қаратаудың дәстүр табиғатын түсіндіруде біржактылық көп кездеседі. Мәселенің айқындаудың бүгінгі қажеттілігіне орай, кеңестік әдебиеттанушылардың ішінде дәстүрді ғылыми тұргыда пайымдаушылар да болды. Мәселенің өнердегі болмысына ғылыми дәлдіктермен жаңындаш бағалаушылардың көзқарастары кейінгі жаңа танымдық зерттеулердің алғашқы бағыттары еді. Қазақ әдебиеттануында дәстүр мен жаңашылдықты үлттық қырынан әр түрлі деңгейде қарастырған еңбектердің көшілігі кеңестік дәуірде-ақ бой көтерген еді. Профессор Н.С.Смирнова фольклорымыздың дәстүрлі өрнектерін, М.С.Сильченко өн-өлең жанрындағы дәстүр жаңалықтарымен Абай поэзиясындағы дәстүр жайында мәселе көтерді. Қ.Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі», Б.Кенжебаевтың «Қазақ өлеңінде құрылышы», З.Кедринаның «Дәстүрдің жаңа бұлағынан», С.Сейітовтің «Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі», Т.Нұртазиннің «Жазушы және өмір» еңбегіндегі «Поэзиялық түр жағынан ізденушілер», «Ақынның поэтикалық эволюясы» тақырыштары, Э.Дербісөлиннің «Әдебиет туралы толғаныстар», М.Базарбаевтың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», А.Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі», З.Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» Ә.Тәжібаевтің «Өмір және поэзия» т.б. зерттеулерде қазақ өлеңіндегі дәстүр мен жаңашылдық дәуір сипатымен, жеке шығармашылтығы көркемдік тұтастырымен, ерекшелігімен зерделенді. Аталған зерттеулерде ғылыми принциптердің басты бағыты кеңестік дәуір идеологиясына сай социалистік реализм методологиясымен жүргізілді. Абайға дейінгі қазақ өлеңінде дәстүр табиғаты толық аптылмады. Абайдан кейінгі қазақ өлеңіндегі жаңашылдық та кеңестік шындықпен өлшешіп, түсіндірілді. Қазақ поэзиясындағы дәстүр мәселесі де белгілі себептермен осылай біржакты зерттеліп келгенімен Тәуелсіздік түсінінде қайта тексеріле бастады. Бұл орайда алдымен ауызға аларымыз З.Ахметов, Қ.М.-Жұсіп, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, Б.Абылқасымов, Ш.Елеуkenov, С.Негимов, А.Ісмақова, Қ.Ергөбек, Қ.Алшысбаев, Т.Есембеков, Б.Майтанов, Б.Кәрібаева, Б.Кәрібозұлы, Т.Шапай, Қ.Мәдібай, Ж.Дәдебаев, Б.Әбдігазиұлы, Қ.Әбдезұлы, Ә.Әбдіманов, Б.Омарұлы, Т.Тебегенов, А.Шәріп т.б. еңбектері.

Қазақ өлеңіндегі дәстүрді қайта бағамдауға ғалым Н.Келімбетовтің мына шікірі де терек ой салады. «...Қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүрдің кепендері мәселелері (жанр генезисі мен типологиясы, мазмұн, форма, стиль

Ислам Д. Түрік халықтары поэзиясына ортақ дәстүр...

бірлігі, көркемдік дәстүрдің шайда болуы мен даму эволюциясы, көріктеу құралдарының түрлі тарихи кезеңдер талабына сәйкес түрленіп, өзгеріп, қайталануы, т.б.) ғылыми зерттеу объектісі ретінде біргұтас құйінде алынып, талдауды талаш етеді» [5, 8]. Бұл айтылғандар қазақ өлеңінің идеялық мазмұндық көркемдік құрылымының шілдік ерекшелігімен тұтастықтағы болмысын танытуға жетелейді. Жаңдың көркемдік талаптарын қанағаттанырлық әрбір өлең бойында дәстүр белгілерін сипаттайтын мазмұндық не құрылымдық компоненттер сақталуы тиіс. Оның қайсысы басымырақ болуы да маңызды емес. Мазмұн мен форманың заңдылықтары тұргысынан қарағанда дәстүр қалыбына сыртқы шілден мен ішкі мазмұнның да бірдейлік функциясы бар. Дәстүр жаңашылдығына қатысты мазмұн мен форманың қызметін өлең құрылымына талдаулар жасағанда арнайы тоқталамыз. Дегенмен қазақ өлеңінің басты өзгешелігі дәстүрлі түрге негізделетінін айта кетсек болады. Ал дәстүрлі түрдің буындық, бунақтық, ырғактық, өуендейлік, дыбыстық саздылығы мен үйлесімділік т.б. өшпем-өрнектердегі түрленуі форма (шілден) жаңашылдығын танытады. Н.Келімбетовтің қазақ өлеңіндегі дәстүрдің кеппенді мәселелеріне мазмұн мен шілденің бірлікте алуы да осы заңдылықтан деп білеміз. Сонымен қатар ғалым шікірімен мына нәрсені де ажыратта айтқышымыз келеді. Ол көркемдік дәстүрдің қалыштасуы мен дамуындағы көріктеу құралдарының қызметі. Айталық белгілі бір дәуірде, сол замандағы дүниетаным өзгешелігімен өлеңде ұлттық дәстүрлі көркемдік арналар қалыштасты. Мұндағы дәстүрлі арна жаңр генезисі мен типологиясының белгілерін бойына сіңірген-ақ болсын. Уақыт өте келе ұлттық таным мен сана өрісінің кеңеюімен, эстетикалық рухани сұраныс мұратымен де әлгіндегі дәстүрлі көркемдік қалыштың мәні жаңғыртылады.

Өлеңдегі дәстүрлі мән-мағынаның жаңғыртылуы әр уақытта дүниетанымдық жаңғырыққан санадағы мәнді іздің қозғалысынан туады. Ол қозғалыстың идеялық болмысы ұлттық сананың рухани кеңістігінде қуаттанса материалдық көрінісі көріктеу құралдары арқылы жишақталады. Ұлттық сананың рухани кеңістіктегі өрісі тарихи кезеңдердегі көрінісімен белгілі. Рухани кеңістік қазақ әдебиеті тарихындағы әр дәуір әдебиетінің идеялық бағыт ерекшелігімен нақты танытылып келеді. Ғалым шікірлерінде ескертілгендей-ақ әр тарихи кезең сұранысына сай көріктеу құралдарының түрленуі сол дәуір дүниетанымымен тұтастықта жатады. Көріктеу құралдарындағы сөздік мән-мағынаның сол тарихи кезең дүниетанымын айқындайтын поэтикалық-лексикалық түр қалыштасырытының да ұмытпағанымыз жән. Көріктеу құралдарынан туындастырылғанда үмітпаздастырылғанымыз жән. Көріктеу құралдарынан туындастырылғанымыз өлеңінің идеялық желісі қай дәуірге тән екендігін де айғақташ тұрады. Ендепе көріктеу құралдарын түрлендіруші қозғалыс басы сол дәуірдің дүниетанымдық категорияларында жатыр.

Тәуелсіздік түсінінде әдебиеттануымызда қолға алынған көп проблемалардың бірі көркемдік дәстүр жайы еді. Ғалым Н.Келімбетов

жоғарыда көлтірілген көркемдік дәстүрді зерттеудің кешенділік сипатын келесі еңбегінде де жалғастырды. «Сонымен, бүкіл қоғамдық ой-сананы қайта құрып, қазақ елінің әдеби, мәдени, қоғамдық, әлеуметтік, жалпы рухани тарихы қайта жазылып жатқан бүгінгі таңда көне әдеби түркі ескерткіштерін зерттеудің өзі жеткіліксіз болып отыр. Ендігі міндет ежелгі тарихтың түрлі кезеңдерінде өмірге келген әдеби шығармалардың бірінен-бірі туындал жататын ішкі логикалық байланыстарын, өзара ықпал әсерін, даму жолдарын, жаңа көріктеу құралдарының пайда болуын, тағы басқа байланыс белгілерін талдау болып табылады. Сол арқылы ғана біз көне түркі әдеби ескерткіштері мен қазақтың өзіндік төл әдебиеті арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығы бір сәтке де үзілмей жалғасып, ұласып келе жатқанынғылыми негізде дәлелдей аламыз» [6, 4]. Фалымның аталмыш мәселені зерттеудегі ұсынған бағыты кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеттануының таптауырын жолына түбекейлі өзгеріс әкелді. Өз зерттеуінде реконструкциялық тәсілді ескеріп отырган ғалым шікірінің әр дәуірдегі әдеби туындыларын ішкі логикалық үйлесімділігіне баса назар аударуы да көркемдік дәстүрді танытудағы бірден бір ғылыми байlam болып саналады. Себебі дәстүр мен жаңашылдық арасындағы поэтикалық сабактастықтың өзі өуелі шығарманың ішкі мазмұндық ой қатшарларына тәуелді. Мазмұндағы ішкі поэтиканың тарихи белгілеріндегі логикалық жeli үйлесімділігі дәстүрдің бастақы арналарын табуга жетелейді. Мұндай поэтиканың ішкі қисындылығын тану көркемдік дәстүр дамуының тарихи кезеңдерін де саралап алуымызға жәрдемдеседі. Зерттеуші қиялның ұлттық дүниетанымның эволюциялық даму белгілерін ажырата, айқындаш алуымдағы интуициялық дағды тудыруы мәселенің мәтіндік құрылымымен де байланысты деп ойлаймыз. Дәстүр өуелі ұлттық белгілер сипаттарымен ерекшеленетіні де өзінің тарихи қатшарлы қабаттарын дерексіз жағдайда анықтауды дүниетүйсіну мифоэтикасын да жүктейді. Оның үстіне өлеңнің мәтіндік құрылымының өзгешелігі де, дүние түйсінудің көп стадиялы қатшарларының тарихи жады да бедерлешген сезімдік танымдарды тірілту секілді процесс тудыратының да ескерген жөн. Бұл процесс дәстүрдің көркемдік қырын айқындаудағы барлық жанрға тиесілі деп ойлаймыз. Өлең мәтінінде өзгешелік танытандын тармақ, шумақ арқылы өрнектеліп, жанға әсер етудегі әуендейлік, саздылық, музикалық күшінің жоғарылығында. Мұны, өлеңдегі көркемдік құрылым табиғатының ерекшелігін қазіргі қазақ өлеңдерінде дәстүрлі поэтиканы даралауда ескеріп отыратын боламыз. Сонымен зерттеуші Н.Келімбетов қазақ әдебиеттануындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселеесіне мұлде тосын қырынан келді. Ежелгі түрік әдебиеті мен қазақ әдебиетінің арасындағы көркемдік сабактастықты туындылардың тақырып пен идеясынан, сюжеті мен композициясынан, бейнелеу құралдары мен тілінен іздеғен ғалым өзіндік тұжырымдар да берді. «Бірқатар әдеби талдаулардың нәтижесінде бүгінгі қазақ әдебиетінің қайнар бастаулары сактар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген қаһармандық эпостарда жатыр

Ислам Д. Түрік халықтары поэзиясына ортақ дәстүр...

деген тұжырым жасадық» [6, 242]. Мұндай өлең генезисіне апарап батыл шікірді кеңестік кезеңде ғалым Б.Кенжебаев көтеріп, ежелгі соқпақтарға шәкірттерін салып еді. Қазақ әдебиеті дәуірін көне жәдігерлеріміздің уақытымен өлшеген батыл ойлар бертінде Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Қазақ әдебиеті бастауларының типологиясын зерделеген зерттеулер келді. Көне түркі дәуіріндегі руна жазба поэзиясындағы түркілік дүниетаным дәстүрі бүтінге дейін әрленіп келіп отыр. «Олжас Сүлейменов поэзиясындағы және оның бойындағы кібіргікеуді білмейтін еркіндік, откірлік, таза сұлулық пен қайсарлық, ойшылдық көне түркілердің даналығы мен мінезінде бар... О.Сүлейменовтің жасаған поэзиясы мен оның бүкіл жан дүниесі, басқасын айтпағанда, көне түркі руна жазба шығармаларымен бір арнада толқыш ағуының құшиясы неде? Ол – руна жазба мұраларындағы түркілік-ұлттық рухтың құші» [7, 13]. Бұл шікір казіргі қазақ өлеңінің жанрлық генезисін барлағандағы көркемдік дәстүрдің идеялық-мазмұндық желісінің тым тереңден тамыр тартқанын білдіреді. Ұлттық дүниетанымда ойлайтын қазіргі көптеген ақындар шығармашылығына тиесілі осыны айтуға болады. Дәстүр табиғатын танытудағы ұлттық рух кез-келген әдеби шығарманың негізгі тіні. Жанрлар құрылымындағы тарихи поэтиканың типологиясын осы ұлттық рухтың тілдік бейнеленуінің эволюциясымен де айқындауға болады. Бұл көркемдік дәстүрдің мазмұндық арнадағы басты көрсеткіші. Жоғарыда келтірілген мысалдағы О.Сүлейменов өлеңдеріндегі мінез психологиясының түркілік дүниетанымымен астасуы ұлттық дүниетүйсіну концепциясымен ішкі сабактастықты көрсетеді. Бұл концепция XX ғасыр басындағы адамзаттық сана көрінісімен қайта оянганы белгілі. Бірақ ұлтшылдарды қырыш жою салдарынан ұлттық азаматтық сана тұншықтырылып, жаңа социалистік мазмұндағы патриотизм еңсе көтерді. Азаматтық, елдік сананың тарихи тамыры жұлдызы кейіп, болмысы өзгерілді. Әрине бұл өзгеріс бірден жүзеге асқан жоқ. Отаршыл елдің сан ғасырлық, жынысы, мақсаты әрекеттерінде жемісі болатын. Озбырлық, шовинистік шығыл күшін де, саяси идеологиялық қарумен де жүргізілді. Әсіресе саяси идеологиялық қару арқылы жүргізілген шаралар белсенделік танытты. Ұлттық сананы жаулауға жұмылдырылған саяси факторлар арқылы қазақ елін де кеңестік империяның қолтығына кіргізді. Бұдан бергі тарихтың қалай өзгергені қазір баршаға аян. Кеңестік империалистік қоғамда өмір кешкен Қазақстаның халықтық санасы бәрібір тарихтан көшкен жоқ. Халық зияттыларының ішкі рухани қарсылығы қайта толысып өмір-тіршіліктің әр түрлі процесінде көрініс беріп жатты. Кеңестік дәуір психологиясы реалды шындығымен қазақ әдебиеті тарихындағы концептуальды туындылар мазмұнына айналды. Әдеби процес арқылы өмір шындығын беру идеясы кеңестік дәуірдегі шығармашылық тарихындағы кеңестік дәуірдің «жылымық» кезеңінен кейінгі үрдісі ұлттық бағытқа бет түзеді. Азаматтық, елдік сананың тарихи жадын тірілгү концепциясы қайта жаңғырды.

Азаматтық концептуальды лирика да басқа жанрлар қатарында ұлттық өреге көтерілді. ХХ ғасырдың 60-70 жылдары жаңа мәмүн тапқан лирикалық жанрдың келелі мәселелері зерттеу нысанына айналдырылып біршама тексерілді. Бірақ сол зерттеулердің көшпілігі уақыт жағынан ескірді. Сондықтан да қазақ әдебиеттандырылымы кеңестік дәуір әдебиетінің проблемалы тұстарын зерттеуді өлі де қолға ала түсітін болады. Кеңестік дәуірдің соңғы ширигіндегі әдеби процестегі азаматтық процестің интеллектуальды мазмұнының материалдық бөлшектерінің тегін, түрін тануымыз керек. Өсірессе азаматтық концептуальды лириканың интеллектуальды сипаттарындағы ұлттық компоненттерінің функциясы айқындала қойған жоқ.

«Ұлттық поэтикалық дәстүр – барша шығармашылықтың асыл діңгегі. Солай бола тұрса да дәстүр дамымай дәуір мен уақыттың өзгешелігіне орай ез ерекшелігімен көрінбей қалса, дәстүрдің жасампаздығы болмақ емес. Дәстүрдің дәстүр болуы жаңашылдықпен байып отыруында. 60-шы жылдары әдебиетке келген ақындар шоғыры дәстүрге сүйене отырыш, поэзиямызға көп жаңалық әкелді. Өлеңнің ішкі ыргақ құрылымы мен сыртқы сымбатына мән беріп, мазмұнын байытып, тұрса бір организмге айналдырып жырлауда, сөздің мелодиялық-интонациялық кестесіне, үйқас табигатына, өуезділігіне, ырқақтық құрылышына басты назар аударған бұл кезеңдегі ақындар өзінен бұрынғы толқындардың ең озық ұлгілерін ілгері дамытып, жаңадан шығармашылық өнер танытты. Кейінгі поэзия өкілдеріне ез ерекшеліктерімен ұлті боларлықтай із салды» [8. 157]. Қазақ өлеңніңдегі сапалы өрлеуге баспалдақ болған ең ғаулі сөз, ой еркіндігінің үміті көрінгендейді. Белгілі себептермен қазақ әдебиеті де социалистік құрсаудан босаңыған рай танытты. «Жылымық» кезеңнің әдебиетіндегі ізденіс ұлттық мұддеге қарай бірте-бірте ойыса бастаған болатын. Бірақ қазақ өлеңнің қалыптасқан штампты бұза жаруы өте баяу жүрді. Лириканың да басқа жанрлармен бірге адам тағдырын, сезімін, көңіл-күйін мейлінше терең бейнелеуіне қадам басқаны аян. Лирикалық кейішкер жан дүниесіндегі ішкі интимдік сырлар сыртқа шыққанымен, өлі де болса дәуір демінің ескі соқығынан үзай алмады. Лирикалық «менинің» ішіндегі бұлқынысы өмір тартысының көлеңкесінде қала берді. Лирикалық кейішкер бойындағы оптимистік көзқарас бақытты адамның қуанышымен, шаттығын, арманын, сағынышын тербеткенімен халықтық мұддені көтере қоймады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Палкина Р.А. Горизонты Алтайской литературы (60-80-е годы)//Актуальные проблемы современной алтайской литературы. Горно-Алтайск, 1995;
- Катанов С.М. Алтайское стихосложение// Актуальные проблемы современной алтайской литературы. Горно-Алтайск, 1995;
- Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. А., Ана тілі, 1995.-272б;
- Моллаудов С. ХҮШ өсір үйғур поэзияси.-Алмута; Наука Каз ССР, 1990.-272б;
- Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерлер. Астана, Фолиант, 2004.-480б;
- Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – А., Ана тілі, 1998.-256б;

Ислам Д. Түрік халықтары поэзиясына оргақ дәстүр...

7. Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазба поэзиясы. Монография. А., Білім, 2007;
8. 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. 2-кітап. А., Фылым, 1998.-4006.

REZUME

ISLAM D. (Turkistan)

**COMMON PROBLEMS OF TRADITIONS AND NEUNESS IN TURKIC FOLK POETRY
AND INVESTIGATIONS OF KAZAKH POEMS IN MODERN STAGE**

This article deals with the problems of traditions and neuness in Turkic folk poetry and also investigations of Kazakh poems.

Өтеген ОРАЛБАЕВ

АҚЫН, ЗАМАН ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Автор в статье говорит о творческой ответственности поэта перед эпохой, о его отражении в его творчестве и делает анализ впечатлений читателей.

Yazar şairin zaman öpündeki sorumluluğu ve onun kendi eserlerinde boy göstermesiyle okuyucuların tesir ettiğini örneklerle değerlendirdiyor.

Атақты әдебиетші ғалым, академик Зейнолла Қабдолов жазушы Әбіш Кекілбаевтың кейінгі жылдар бедерінде жазып, жариялаған «Дүниегапыл» жыр жинағын оқынганда жазған өзінің «Таланттың тағы бір қыры» деген шағын ғана бірақ улken мәні бар мақаласында: «Көне заман ойшылдары өздерінің ұлылығын мойындағанда немесе мойындағанда: біз өзімізге дейінгі ұлылардың иығында тұрмыз, қалай ұлы болмайық дейді екен. Сол секілді қазіргі ең жас ақындардың өзі бас ақындардың иығында тұр. Олар өлең өрімін (инструментовкасын) бүрінгілар жетілдіріп жеткізген біктен бастап кетеді. Өнерін содан әрі қарай өрбітеді» [1, 5], – деп, Абай айтқан «алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі толқын інілер» арасындағы мәнгілік байланыс пен өзара қарым-қатынастың өнер тіні, өлең жібі арқылы одан әрі өрліп жатқанын орынды көрсеткен.

Әрине, кез келген ақын өзінен бүрын ғұмыр кешкен ақынның сұлу тағдырын ғана емес, сырбаз өлеңін де өзіне үлгі-нұсқа тұтады. Ақынның ақындығы сонда, ол өзінен бүрын айтылған ойлар мен теңеулердің тасасында қалмай, немесе содан қара үзіп шығып кете алмай, шідерленген шабыттың еркін мойынұсынса ол ақын абырайлы асқар біккес шыға алмайды. Өзін ақын атаған әрбір талант ең алдымен туган еліне қарыздар, ал туган елі ақынның алақанға сала алмаса ол да қасірет:

Саяқтанса, үйіріңе қу да кел,
Оңайлықпен сына қоймас сындағы ер.
Бүтін балаң, ертең данаң сол шыгар,
Ақынныңа мейірімді бол, туган ел, -

деп жырлаған Тұманбай Молдагалиевтің жан сырын ақындар гвардиясының кез келген өкіліне арналған жыр деп қабылдау керек [2].

Өлең атты қасиетті мекеннен қара үзіп шығып, халықтың кез алдында азаматтық пен адамдықтың ақ туын көтеруге ұмтылған пенденің кей кезде шалқып, кей кезде еркелеп, ал енді бірде өзінің мәнгілік майданын қөптің алдына жарқыратып жайып салатын жандар былай деп жазса, оның да артықтығы бола қоймас.

«Поэзияда азаматтық әуенниң басымдығы, көркемдік түйіндеулерге ойысқандық, адамның ішкі әлемін аша түсуге машықтану, заман алдындағы

О.Оралбаев. Ақын, заман және шығармашылық...

жауапкершілікті сезіну төрізді сипаттар, барған сайын бой көрсете түсуде» деп жазды ақын-ғалым Сағынғали Сейітов кезінде жастар поэзиясын талдау мақаласында [3].

Қаламгердің заман алдындағы жауапкершілігі дегенде, оның шығармаларындағы шынышылдық пен көркемдік, идеялық және тақырыптық ізденістер сол ақынның жеке шаруасы ғана емес, яғни жеке адамның жалпыға ұмтылған, жалпының жалқыға иті әсер етер ықпалы түсініледі. Бұл бағытқа келгенде, ақын Оразалин ежелден өзінің заман алдындағы ақындық жауапкершілігін терен сезінген және сол сезінуді өлең арқауын құрауда әркез есінен шығармаган, иығына түскен әлеуметтік жүкті көтерудегі азаматтық тұлғасын алласартпаган ақын.

Ақынның ең алдымен өзін іздеуі, өзінің қогамдағы орнын іздеуі бір қарағанда махаббатқа астасқан сырдай болып көрінсе, үңіле қарағанда ақынның заман тынысын сезінуге деген тынбас талпынысы жырларынан айқын аңғарылады. Осылайша өзін өмірден іздеген ақын бірте-бірте, уақыт өте келе жаңа биік, жаңа арналардан өзін көрсете бастады. Ақындық алып-ұшпа сезім мен көңіл-күй енді байсал тартып, ақылмен суарылып, қаламгер халықтық аудитория алдындағы сөзін бұрынғыдан да көркемірек, бұрынғыдан да тегеуінділеу шабытпен жылауға көшті:

Ел сүйсе ақбоз аттай заулар бағын,
Еріне сақ бол, інім, аудармағын.
Жер шеті тірелмейді Алатауга,
Ұмытпа! Таулардан соң таулар барын.

Ел-ана тең көргенмен балаларын,
Ел атын асқақтатар дана, дарын.
Жер беті таусылмайды Сарыарқамен,
Ұмытпа! Даладан соң дала барын.

Замана төккенимен көп ызгарын,
Ел-ана санайды ұлдың етіз бәрін.
Жер шеті шектелмейді Атыраумен,
Ұмытпа! Теңізден соң теңіз барын.

Кеңесіп, келіскеңмен тәмәм дарын,
Ала алмай келеді ойдың қамалдарын.
Соғады сағат тілі Мәңгілікке,
Ұмытпа! Адамнан соң адам барын.

Қай ақын тауыса алған жырғып бәрін,
Сарқып айт, сарайында сыр бұқпағын.

Саналар шарқ ұруда шартарапқа,
Ұмытпа! Құрлықтан соң құрлық барын.

Аптықпа! Айт дегенде – асырмағын,
Шаптықпа! «Шатағыңды» жасырмағын.
Анығын айтады әлі тарих өзі,
Ұмытпа! Фасырдан соң ғасыр барын.

Шулайды... тарқамайды алаңдарым,
Зулайды... жеткізбейді замандарым.
Мынау ұлы дүние – тұтас, бүтін,
Ұмытпа! Ғаламнан соң ғалам барын.

Тыңдайды бейтаныс та, таныстарың,
Естиді аш-арығың, арыстарың.
Он сегіз мың ғаламың – көз бен құлақ,
Ұмытпа!
Құдай барын...
Ғарыш барын...

Ақынды заман тәрбиелейді, уақыт өсіреді. Қаламгердің ішкі жандүниесінің азаматтық алғырылығы, уақыт пен кеңістік алдындағы адамдық парызы мен жауапкершілігін терең сезінуі оның ой-өрісі мен рухани кемелденуінің негізін салады. Осы тұрғыдан келгенде, Нұрлан Оразалин заман тынысын, оның адамзатқа тигізер ықпалы мен әрекетін, әсері мен тәлімін о бастаң зарделей білген ақын.

Жалпы қазақ өлеңінің арғы дәуірден бастау алатын көне соқпағы мен сартап сүрлеуін шолу ретінде болса да еске түсіру – қазақ жырының мәнгілік қуаты мен құнарының қайдан шығып, қалай жеткенін аз да болса еске түсіру. Қай заманда да қаламгердің халық алдындағы, өз уақыты алдындағы үлкен жауапкершілігін сезінуі қажеттігін еске салу. «Қолына қалам ұстаған зиялы қауым М.Әуезов шығармашылығынан нәр алыш, Мұхандай халқы мен Отаны алдындағы жауапкершіліктен таймауы тиіс, өз елі мен халқының болашағына қызмет істеуі керек», – дейді Елбасымыз Нұрсултан Назарбаев [4].

Ақынның заман алдындағы жауапкершілігі оның шығармаларында жан-жақты көрініп жатуы ләзім. Сондықтан да ақынның әрбір өлеңі, мейлі ол таза лирикалық тонда болсын, мейлі ол азаматтық пафосты болсын, мейлі ол сүйген жар мен сүйікті ата-анаға арналсын, онда азаматтық жауапкершілік реңі көрініп тұруы шарт. Сонда ғана ол ақын жауапкершілігін сезіндіріп, сол арқылы оқырманың қапысыз иландырып, сендеріп тұрмақ.

Ө.Оралбаев. Ақын, заман және шығармашылық...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Кекілбаев Ә.* «Дүниегапыл» өлеңдер кітабына жазылған алғысөз. А., «Арыс» баспасы, 1999.
2. *Молдагалиев Т.* Жиырма бесінші көктем (жыр кітабы), А., Жазушы», 1980 жыл, 179-б.
3. *Сейітова С.* Өлең елкесінде, А., «Жазушы», 1984 жыл, 243-б.
4. *Назарбаев Н.* Қалып елім, қазағым, Алматы, «Өнер», 1998. 278-б.

REZUME

**ORALBAYEV U. (Astana)
ERA, POET AND CREATIVE RESPONSIBILITY**

Author of the article speaks of the creative responsibility of the poet before the time of his reflection in his work and makes the analysis of impressions readers.

Г.С. БАЛТАБАЕВА

ҚӨНЕ ТҮРКІ КӨК БӨРІ ТОТЕМІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕСІ

Автор в статье говорит о тотеме Кок бори занимавшее место в жизни тюрков, и анализирует особенности вида и структуру рассказа Мухтара Магауина «Каскыр-бори»

Yazar türklerin yaşamında büyük önem taşıyan Bozkurt sembolu hakkında söyleyerek, kazak hikayesinde düşünceyi sembolle anlatmak方法を用いて叙述する。著者は、マクタル・マガウインの「カスクル・ボーリ」を分析している。

Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз қазіргі әдебиетімізді заманға сай түрғыдан зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзак жолында үтқаны мен ұтылғаның, жеткені мен жете алмаған тұстарын көң ашып, бүтінгі егемендігімізге сөз өнерінің қосқан үлесін көрсетуге тиіспіз. Жалпы ұлтпен, ұлт мәдениетімен бітің қайнасып, қатар өрбіш келе жатқан, қайшылықты жолдан өткен біздің қазіргі әдебиетіміз жаңа талғаммен қарауды көрек етеді.

1991 жылдан бергі жылдардағы қазақ прозасы толымды ізденістермен басталғаны белгілі. Қеңестік саясат тыйым салыш, ой-шілдік жарық көре алмаған қаламгерлердің бірқатары осы тұста сөз еркіндігін пайдаланды. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттің дамуының бағдары, міндеттері жайында көң көлемде шілдесу өріс алды. Ақын-жазушылар да қалаған, жаңына жақын тақырыпка шығармалар жазды. Елдің егемендігі мен ұлт мұддесін арқау еткен тәуелсіздік кезеңіндегі жаңа әдебиет – бұрынғы социалистік реализмнің сыңаржақты бағытына қараганда, бірқатар тәжірибе жинап, ұлт әдебитіне оргақ жаңа сапалар, өлшемдер кіргізді. Соның бірі қазіргі қазақ прозасының символикалық сипаты. Біздің басты назар аударатынымыз – бұрыннан бар тәсілдің қазіргі таңдағы жаңа прозадағы жаңа көрінісі дер едік.

Символикалық сипат – шығарманың еңсесін биікке көтеретін факторлардың бірі. Мұнда қаламгер айтпақ ойын көзге ұрадай жарқыратып, ашып тастамайды, көлегейлеп, астарлаш, символмен, меңзеумен, шағын деталь арқылы, астарлы метафора көмегімен, түспалдаш, ишарамен, емеурімен, ұсынады. Зер салыш, байышен қарасацыз, қаламгерлер адамдар өмірін, құстар мен хайуанндар тіршілігін, табигаттылымын қатар алады да, ит-құсқа адамға тән сипаттар бере отырып, көп жағдайды, талай нәрсені үқтырады, елестегеді, өмір, қоғам, адамдар тұрасындағы терек толғанысқа толы философиялық-әлеуметтік ой түйеді. Айта кететін бір жайт, туынды-символдағы образдар мұлтіксіз, кесек сомдалса ғана жазушы мұратына жетеді.

Қазіргі қазақ прозасында ойды символикамен жеткізу әдісін батыл игерген жазушының бірі – Мұхтар Магауин. Алшы отырған символикасы –

Балгабаева Г.С. Қоңе түркі көк бөрі тотемі және...

Қасқыр – Бөрі. «Қасқыр – Бөрі» әңгімесі өзінің құрылымдық жағымен ерекшеленеді. Автор шағын ғана әңгімесінің өзін төрт бөлімге бөліп берген.

«Қазақтың қасқыры – қасқыр емес, шене, құрт кезінде, яғни бағзы заманда әлемдегі ең айбарлы аң болған» деп басталатын шағын әңгімеде бабамыздың байрағына түсіш, жүрек пен рухтың, қайтпас ерліктің ұранына айналған боз құрт, шене туралы автор өзінің танымын асқан шеберлікпен жеткізген.

Түркілер өздерінің ата-тегі қасқыр деп санаған. Осы қайратты да ерікті, айлакер де ақылды тұз тағысы жаулардың шабуылынан қыргынга ұшыраган тайшаның ең соңғы үршагы, кішкентай сәбиді желеп-жебеуші, асыраушы, құтқарушы болыш танылған. Бағзы заманда түркі тайшалары қасқырды «Көк құрт» деп атаған. Мұндағы «көк» сөзі «аспан» және «көк тұс» деген мағына береді. Сонымен бірге аспан құдайы Тәңірдің қасиетті символдық түсі көк тұс. Ал «құрт» сөзі «құтқару», «аластану» мағынасындағы қазіргі түрк тіліндегі «куртулуш» сөзінің түбірі. Осы деректерге сүйенсек «Көк құрт» сөзінің толық мағынасы бүкіл бір тайшаны мұлдем құртыш кетуден аман сақтап қалу үшін құдай жіберген «аспаннан (көктен) келген құтқарушы». «Көк» сөзінің де мағынасы зор. Негізінен айта кететін жайт, түркілердің өздері көк, қызыл, сарыға бөлінген. Оның ішінде «көк» шығу тегінің асылдығын, қоғамда алатын жоғарғы орнын көрсектекен [1].

Түркілердің шығу тегі көне түркі тілінде айтсақ «Көк құртқа», қазақша айтсақ «Көк бөріге» тығыз байланысты екендігін дәлелдейтін бірнеше аңыздар бар [2].

Көк бөрі тотемі түркілер өмірінде үлкен орын алыш келеді. Тіпті Қытай галымдары «түркі қаганды» мен «бөрі» сөзі синоним, бір ұғымды білдіреді деп таныған.

Ежелгі түркілер туға алтынмен әріштелген бөрінің басын бейнелеген. Ал, түркі қагандары шет елден келген елшілерді бөрінің басы салынған туды көрсеткенде ғана қабылдаш отырған [3, 230-237].

Осындай қасиетті де қадірлі Көк бөрі бейнесі – барлық түркі халықтарының ежелгі дәуір әдебиетінде, фольклорында есте жоқ ескі заманнан келе жатқан образ. Оны көне түркі жазба ескерткіштерінен де кездестіре аламыз. Соның бірі – XIII-XV ғасырларда жазылған, түркі халықтарына ортақ көне мұрағат «Оғыз-наме» дастаны [4]. Дастандағы «Ұранымыз Көк бөрі болсың» деген тіркестің үлкен мәні бар. Мұндағы ұран дәрежесіне дейін көтерілген Көк бөрі түлді халықтардың аса қадір тұтың, табынатын киелі де қасиетті аны.

Көк бөрі бейнесі Әлем әдебиетінің інжу-маржаны «Қорқыт ата кітабында» да ұшырасады [5].

Көк бөрі бейнесі ауыз әдебиетінде хандар мен батырлардың ұлылығын, ерлігін суреттеуде бірден-бір теңестіріле көрсететін образ [6, 56-58].

Қазақтың эпостық жырларында бөрі бейнесі ылғи да ұнамды сипатта алынып, жауға жалғыз шашқан батырдың асқан ерлігін суреттеу мақсатында

қолданылады. Қазақ эпостарында Көк бөрі ерлік пен батырлықтың баламасы ретінде алған.

Басқа да түркі халықтарының эпостарында қасқыр бейнесі көп кездеседі. Ҳақас халқының халық эпосы «Албынжида» Ақпур яғни, Аққасқыр Албынжи батырдың басты көмекшісі қызметін атқарады [7, 16].

Алтайдың батырлық эпосы «Ақ Тойчыда» Ақ қасқыр басты қорғаушы рөлін атқарады. Қыын-қыстау кезде ол адам кейінне еніп, бас кейішкердің ағасы болады.

Түркі халықтарының ертегілерінде де Көк бөрінің өзіндік бейнесі сомдаған. Ертегілерде қасқыр мен адам қарым-қатышасын бейнелеу эшстық жырлардан гөрі өзгешелеу құрылған. Қиял-ғажайыш ертегілердегі қасқырлар басты кейішкерлермен адамша сөйлесіп, достасып жүреді. Қыын-қыстау кезеңде адамға жол көрсетіп, түрлі кедергілерді жеңіп, арман-мақсатына жетуіне көмектеседі [8, 96-107]. Татар халқының ертегілерінде бас кейішкер қиналған кезде әдемі жас жігітке айналып отыратын қасқыр бейнесі жиі кездеседі. Ал Оңтүстік Сібірдің бір ертегісінде мынадай оқиға айтылады: бір бала биеге мініп аспанға ұшады. Хан он екі бөрінің қуғынға жібереді. Мұндағы он екі бөрі – Күнді бірінің артынан бірі қуыш келе жатқан 12 айды білдіреді. Ал, Бие Шығыста, әсіресе, түркілерде (Сактар, массагеттер) Күннің Символы болыш саналады. Яғни, Күн ең жүйрік шырақ, жер бетіндегі ең жүйрік жануарлармен теңестірілген [9, 70]. Сонымен бұл ертегідегі 12 бөрі Әлемді қозғаушы күш ретінде Күнді қуалап қозғалысқа келтіруші қызметін атқарап түр.

Түркі халықтарының фольклорында Көк бөрі туралы аңыздарды да көптең кездестіреміз. Қыргыздар мен түркімендердің аңыздарында Көк бөрі ұшырақ таратушы Ана ретінде көрінеді.

Көк бөрі бейнесі түркі халықтарының мақал-мәтелдерінде, қанатты сөздерінде ұлken орын алған. Анадолы түріктерінде батыр адамдарды «бөрі тектес» деп атайды, ал азербайжандарда ер жүрек адамдарды «қасқырдың жүрегін жүтқан» деп немесе «бөрі баласы, бөрі болады» деп дөрштейді. Сонымен қатар «ер азығы мен бөрі азығы жолда», «бөрі арықтығын білдірмес, сыртқы жүнін қампайтар», «қасқыр да қастық қылmas жолдасына», «қасқыр ішігі бар кісі жолдасының тоңғанын білмес», «қасқыр қартайса да бір қойға күші келеді», «өлі беріні ит аттамас» деген қазақ халқының мақал-мәтелдерінде бөрі бейнесі, мінез-құлқы жан-жақты ашылған.



Балгабаева Г.С. Коне түркі көк бөрі тотемі және...



Бөрінің орнына қасқыр келді, бірақ шын мәнісінде екеуі бір-ақ аң: бөрі деген – қасқыр, қасқыр деген – бөрі. Сырттай қарағанда, атауғана аудықтан тәрізді болыш көрінеді. Ал, шын мәнісінде... бөрі өзгерді. Кейінгі қасқыр – бұрынғы бөрідей бола алмады. Ірыс, ұран, батыр болған Бөрі енді қасқыр болыш сорға айналды, ұранға ене алмады, оның ерлігінің өзі қарақшылыққа санаалды. Барлық асқақ сышат, жақсы қасиет – бөрінің бойында қалды. Абыройсыз істің бөрі қасқырга телінді. Баяғы құрт пен шенеден, кешегі бөріден қалған бақ, көшкен рух қасқырга қонбашты. Қасқыр – даланың төрт аяқты жыртқыш, корқау, жебір, раҳымсыз аңы ғана емес, жұттың бір ағайыны – жау екен. Бұрын батырды бөріге тәдесе, енді қадыр-қасиеттен ада зұлым адамды қасқырга тәңеитін болышты. Дегенмен, қасқыр мен бөрі – атауы бір, тұп негізі ортақ, бір-ақ мақлұқ емес пе? Қасқыр қашпа азса да, оның бөрі атауының ескірмеу себебі неде, қасқырга қашан, қалай айналғаны туралы ой толғайды.

«Ал мен көрген сияқтымын. Бөрінің қасқырга емес. Қасқыр атанған бөрінің қайтадан өуелгі – бөрі кейшін ташқанын» [10, 337], - деп әңгіменің ішіндегі әңгіме басталады. Қой кораға кіріп кеткен өлі құрыған аш қасқырды шоқпар емес, сойыл емес, жеңіл ашамен бір соғыш алады. Қор болыш өлген аш қасқырдың терісін бітеудей сышырып алады. Бір қасқыр екеу болыш шығады: терісін және өзі. Адам жиіркенелік қыш-қызыл қылыш сыртына айналдырыш, құйрығын шұбалтыш ілүлі тұрган аш қасқырдың тұкті терісі мен қасқырдың тоны сышырылған жалаңаш депенесі дегаль қызметін атқарып, артынан символға айналады. Сорғыш, аз-маз кептіріп, шелден, тұздап, малма жағыш, неше бұқтеп орап, бабына келтіріп иленген тері қайта тірілгендей болды.

«Мен керіскедей бөріні арқасынан ептең сипадым. Жұні қатқыл, бірақ алақанға жайлы. Мерейлі жылу бар. Қолымды әрең айырыш, сәл-пәл шегінің, бажайлай, сүйсіне қараң тұрдым. Жоны қызылтым, қабырғасы кекшулан, бауыр жағы бозамық сұр. Қос құлағы сергек, тырнағымен қоса шығарылған май табандары мүйізгек. Қылышқ мұрт, тықыр тұкті бітеу тұмсығынан – буылтық, шолақ құйрығының қоңыр күрең ұшына дейін сесті. Бар бітісімен айбынды әрі әсем еді. «Нағыз ал бөрі!» – дедім мен атамның соңғы сөзін қайталап» [10, 337]. Ірсіған, арық, қу сүйек қасқырдың

жалаңаш деңесі мен иленген теріні бір-біріне антитетза формасында қарама-қарсы алады. Ырсиган қасқырдың жалаңаш деңесі қандай аянышты болса, жаңы жоқ, тіпті ішкі мұрдесі де жоқ иленген тері анағұрлым айбарлы шыққан. Автордың айтпағы кешегі арық, жалаңаш деңе жаңа бір күш-куатқа еніп, өзінің мына, әуелгі қалышна түскен тонын қайтадан кисе не болар еді? Нағыз дауыл бөрі болар еді деп түйіндейді. Байышташ қарасаңыз, сыйырылған – тері емес, Рух! Кешегі қызыл бөрі, көк бөрінің бүгінгі ұрпағы өзінің әуелгі қалыбын табуы үшін, тек жүрек қана басқаша соғуы керек! – деп ұран тастайды автор.

«Ендеше, әңгімеміздің аты «Қасқыр» емес, «Бөрі» болсын» деп, автор «Қазақтың қасқыры – қасқыр емес, шене, құрт кезінде, яғни бағзы заманда әлемдегі ең айбарлы аң болған» деп басталатын шағын әңгімесінің БӨРІ туралы басын қайталау формасымен қайтадан береді. Тек соңғы аяқталуынғана «... арада елу жыл өтті... Қасқыр қайтадан бөрі атанды... ... Қасқырдың қайтадан бөріге айналғаны туралы мениң немерем Бату жазады» деп өзгертиш беріш, келешекке аманатқа қалдырады.

Шағынғана әңгіменің үшінші бөлімін «ҚАСҚЫР» деп алып, қайтадан шегініс арқылы «...Әлі құрыған, аш қасқыр екен...» деп, аш қасқыр туралы үзінділерді қайталаумен бере келіп, тек қана соңын «...бүкіл ұрпағымның тағдырын төлеккек бере алмаймын. Қасқырда келешек жоқ. Демек, «БӨРІ» – деп басынан бастаң, үшінші мәрте бөрі туралы мәтін қайталарап беріледі. Тек соңын «Ал, әңгіменің роман-эпопеяға айналған, мениң немерем Бату биікке көтерген жаңа нұсқасын елу жылдан кейін оқисыз. Тек ...сол ерекше шығарманың аты да «ҚАСҚЫР» болып шықпағай... Қауіпсіздік шарасы ретінде «БӨРІ» атаудың біржола бекітеміз. Әңгімеміздің аты – БӨРІ» деп аяқтайды.

Авторлық таным сеніммен аяқталады. Өйткені... Арғы атам – Ер Түрік. Біз Қазақ еліміз!. Бөрі әулетіміз.

Мұхтар Мағауиннің «Қасқыр – Бөрі» әңгімесі қазіргі қазақ әңгімесіне құрылымдық, түрлік өзгешелік әкелген соны туынды болып табылады. Бұл әңгімені – **аманат** әңгіме деп пайымдауға толық негіз бар.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Акяшев А. Искусство и мифология саков. –Алма-Ата: Наука, 1984. -176 с.
2. Гумилев Л. Древние трюки. –М.:АН СССР. Институт народов Азии, 1967. – 504 с.
3. Бичурин Н. Собрание сведений о народах? Обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.1. –Алматы: Фалым, 1986. – 207 б.
4. Оғыз-наме. – Алматы: Фалым, 1986. – 207-б.
5. Дәдә Горгут. –Баку, 1950
6. Манас. Киргизский эпос. Великий поход. – М.: Гослитиздат, 1946. -371 с.
7. Урманчеев Ф. По следам белого волка. Ранние этнокультурные связи тюрко-татарских племен. – Казань: АН Татарстан, Инс-т языка, литературы и истории им. Г.Ибрагимова, 1994. -125 с.
8. Қазақ ертегілері. –Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957. -443-б

Балтабаева Г.С. Коне түркі көк бөрі тотемі және...

9. *Геродот*. История в девяти книгах. –Л.:Наука, 1972. -600 с.
10. *ММагауин*.7-том, 330-б.

REZUME

BALTABAeva G.S. (Almaty)
ANCIENT KOK BORI TOTEM AND MODERN KAZAKH STORIES

The author tells about Kok bori totem which has a great importance in Turkic life and explains the structural difference of the story “Kaskir-bori” by Mukhtar Magauin who is the master of symbolic writing method in Kazakh prose.

Алға ТАҢЖАРЫҚОВА

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ
ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР

Автор в статье делает анализ явлением общим для тюркских народов как луна, Солнце, Огонь, тотем змеи, облику птицы встречающихся в казахской прозе фольклорным мотивам.

Yazar türk halklarına ortak olan Ay, Güneş, Ot gibi kavramları, үйлан, kuşun suratı gibi folklor motiflerinin kazak hikayesindeki rôleünü incelemiştir.

Қазақ прозасының мәтіндік құрылымында адамзат баласы санасының сонау сәбі шағынан бастап түрлі тарихи кезеңдерді жинақтайдын сенім, түсінік іздері мен қатар түркі халықтарына ортақ Ай, Құн, От, т.б. құбылыстары мен жылан тотемі, құс тотемі көркемдік әдіс ретінде көрініс тапқан.

Мысалы: дүниеден көпкен жанның аруагын еске алып, қабірін қастерлеу қасиеті қазактаған емес қарақалшақ, өзбек, татар т.б. түркі халықтарында құні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Осындай киелі ой-түсінікті жазушы Әбділдәбек Салықбай «Құлшытастың киесі» атты әңгімесіне арқау еткен. Аталар аруагын қастерлеген халық марқұмның жерленген орнын да ерекше қадірлеген. Әңгімегі елдің осындай ең аяулы сезімдерінің зорлықпен тапталуы, оған қарсы тұрган қарашайым еңбек адамдарының тұлғасын көрсету арқылы жаңаша ой айтудың формасы табылған.

Адам баласының түрлі сыртқы факторлары арқылы үзілген генетикалық негізі тұлға түбінде бір зауал әкеледі дейтін ойды айтады автор. Қымыл-харекет үстіндегі Матвейдің санасын сансыратқан өз атабабасы жайлы әңгіме авторлық шешім. Бұл көп айттылып жүрген «мәңгүрттену», «ұлттық құндылықтан ажырау» үғымдарымен өзектесіп жатыр.

Шағын әңгіме кейінкерінің өзге ұлт салт-дәстүріне еніш, өзінің ата-тегін ұмытуын, әкесінің көзін көрген Иван Харитоновичтің әке аманатын жеткізетін тұстағы диалогын жазушы ұтымды қолданған. Осы диалог арқылы әңгіме арқауының тұшкі түйіні тарқатылады. Ол тексіздік, мәңгүрттік, өз қағынан жерінің, өзгеге бас ұрып, өз жүргізна жаттаңу проблемасы.

Ұлттық кәсіптің көмекілесінің, өзгенің кәсібіне тәуелді болуы – қазақ халқының бодандыққа тусуінің басты себептерінің бірі. Бүкіл қазақ жүртін тіршілік көзі нан арқылы қол астында ұстағысы келген Матвей секілділер қазақ тарихында мың-мыңдаш саналады. Қаламгер қол диірмен салу үшін қазақтың киелі жері құлшытасын бұлдырған адамның әрекеті мен ой-аңсарын қатар бедерлеу арқылы шығармайың әсерін арттыра туksen. Ол бірде авторлық баяндау бірде ішкі монолог арқылы көркемделген.

Осы туындыда жазушы табиғат пен адам әрекетін астасыра суреттеп,

Танжарықова А. Қазақ прозасындағы түркі халықтарына..

пейзаждың түрлі көркемдік қасиеттерін де аша білген. Адам мен табиғат арқылы кейішкөр ісі үйлесімді суреттеделі.

Жазушы талантты айға байланысты фольклорлық ұғым-түсініктерді шығарма шешіміне, кейішкөрдің келенсіз әрекетіне кедегі, бөгет ретінде шеберлікпен қилюастыра білуінен көрінеді.

Ай жарығымен арам шығылын іске асырыш, ісін аяқтамақ болған кейішкөрге табиғаттың өзі қарсы тұрады. Халқымыздың көкті тәңір тұтып, аспан шырақтарын киелі санайтын қасиеті жазушы танымының түкшірінде сақталған. Сол фольклорлық сана автордың да, оқырманың да ой-санасымен шектесіп жатады. Адам танымының алғашқы кезеңдеріндегі айнала табиғатты тұтас жан деп ұғыну, Адам мен табиғаттың бір-біріне оң және теріс әсерлері туралы түсініктер бүрынғы ата-бабаларымыздың тұрмыстіршілігіне тірек болыш, бүгінгі заман ой-танымында, әдеби көркемдік әдістерінде сақталған. Айнала табиғаттағы Құн, Ай, Жер, Жұлдыз, Тау т.б. құбылыстарға қасиет беріп, киелі санау, олармен қарым-қатынаста белгілі бір заңдылықтарды сақтаудың мәні ол шарт бұзылса адам кеселге: ауруға, өлімге ұшырайды. Отқа суға тұсірме, аттама, айға қол шошайтпа, құн батарда ұйықтама, жер сабалама деген сияқты түрлі ұғымдардың әрқайсының өзіндік мәні бар.

Өйткені дүние жүзінің көптеген халықтары, солардың ішінде, түркі монгол халықтары да ерте кезде табиғат сырларын түсінбеген. Ертедегі адамдардың дүниетану шама-шарқы тәмен болғандықтан жаратылыс көріністерінің әр алуан түрлерін (ай мен құн, бұлт пен дауыл т.б.) жарылқаушы күш ретінде қараң, оларға сиынған, медет тілеген. «Шамандық сенімнің дүниеге келуі, – деп жазады Ш.Уәлиханов, жалышлай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, қастерлеу болыш табылады» [1, 113]. Осындай аргы замандардың айғағы болған ай, құн, аспан, жұлдыз сияқты космостық бейнелер бір кездері ертедегі адамдардың мифтік түсінігінен туыш, келе-кеle ауыз әдебиетінің тұрақты поэтикалық образдарына айналған.

«Осы кезде аспанның бір шеті бозамықтанып барып, сөл түрді да, жанжағын ақ жалқын нұрга маłyп, ашақ больш ай туды. Көңілі орнықан Матвей бұдан әрі еш қауіп жок, ай батқанша бір жағына шығармын деп ойлаң, жұмысына алаңсыз кірісken. Кенет көзінің оты жарқ етіп, дүние асты-үстіне түсіп, төңкеріліп бара жатты. Шыбын жаны шырқыраң, бетін баса жығылған ол қан аралас жылымшы сұйықтың алақанына толғанын да, саусақтарының арасынан шыбылдаш шыққанын да сезген жоқ» [2, 67].

Ал М.Айымбетовтің «Адыраспан» әңгімесінде жазушы өз істерінің дүрыстығына шубеланбайтын ауыл әкімі мен қарияның, отбасы мүшелерінің ойларын бере отырып, халықтық қағидалардан қаншалықты ауытқып кеткенімізге деп қойдырады. Екіншіден, Оспанқұл қарияның бойында анасынан келе жатқан бақсылық емшілікті оның табиғатын даралайтын қасиет ретінде көрсетуге назар аударған.

«Оспанқұл болса өзінің бұл шаруасын әпенденің тірлігі дегенге еш

уақытта келісіпес еді. Айдың жарығында орылған адыраспанды ол сол адыраспан өскен алқапқа әкеліп, ата-бабасының қасиетті мекенин әлдекімдердің сұғанақтығынан, лас әрекетінен аластату үшін тутепекші болды» [3, 224].

Мұнда оттың көне мифтік семантикасы авторлық шешім арқылы түрленген.

Сақтардың мифологиясын зерттеуіш ғалым А.К. Ақышев: «Фалам оттан пайда болады және оттан ойран болады, осы тұрғыда адам тұғанда оттан тудады, олай болса оттан өлуі тиіс деген түсінік, адам өлгесін өргелуі тиіс» деген ұғымды қалыштастырыған – дейді.

Ал ғалым Д. Банзаров шікірінше, «алғашқы пайда болған от Зенд – Авеста ілімі бойынша, өмірдің негізгі көздері, барлық жәндіктерді тірілтүші, ол адам жаны, жан рахаты мен қуатының негізі. Оның ерекше қасиеті – тазалық, тазалау, өзінің тазалығын хабарлау» [4, 69].

«Кешкен адыраспанды Оспанқұл әуелі әр-әр жерге кішігірім жеті шөмелде қылыш үйді де, содан соң біреуінің түбіне келіш, «біссіміллә» деп, қалтыраған қолдарымен сірінке шақты. Сытыр-сытыр лаулаш жанған адыраспанның қошқыл тұтіні шудаланыш, тымық ауаға ұйытқымай тіп-тік көтерілді. Жеті шөмеледен көтерілген тұтін бір-біріне ұласың, қаулаған қалың өртті елестеткендей көрініс берді» [3, 225].

Жазушы танымындағы отқа табыну сенімінің сілемі бақсылықтың қалдығы туралы түсінікпен астасың, қария бейнесінің фольклорлық сипатын айқындаі түскен.

Отқа табыну да қазақ арасына кеңінен тараған ырым. Сол себепті отқа ерекше қасиет тақылған, от та адамды әргүрлі қауіш-қатерден, жыншайтанинан, ауру-сырқаудан құтқарады дөлінген. Соңдықтан отты қазақ ішінде осы уақытқа дейін қастерлейді, отқа түкіруге, отты басуға болмайды. Баланы әргүрлі ауру-сырқаудан сақтау үшін бесіктің ағашын қатты қызған темірмен немесе отшен айнала қырыш-күйдіріп таңба салған. Жаныш тұрган екі оттың ортасынан өту де ауру-сырқаудан, пәле-жаладан құлан таза құтылудың жолына саналған. Егер мал жүқпалы ауруға ұшыраса, оны да жанған оттың оргасынан айдал өткізген. Тіпті адамның біреуге берген анты мен серті шын, таза болуы үшін да жанған оттың оргасынан өткізген.

Қазақ прозасының сюжеттік құрылымындағы көркемдік деталь ұғымының астарындағы фольклорлық сана, түсінік іздері мифтік, тотемдік, аруақ күлті т.б. да тарихи танымдардың сілемінен де көрінеді. Мәселен: Мәді Айымбетовтің «Көрі жыланның азасы» атты әңгімесінде науқастанған баланың қойнына кіріп шыққан жыланның құдіреті арқылы жылан күлтінің мәнін жаңғырту автордың айқын колтаңбасы.

– Иә, Жасаған ием, сақтай гөр құлынымды. Бала-шагасының обалынан қорқа гөр. Жаратқан! – деп күбірлеген Балқұміс кемшір тұн ішінде сыртқа шығып, үйді екі-үш мәрте айналып өтті. – Құрбандықшын, құрбандықшын ботамның, жалғызымының жолында...

Танжарықова А. Қазақ прозасындағы түркі халықтарына...

«Апыр-ай, не болды екен?! – деп киналған Сәдірхан ұлының күйішінші жатқан мәндайына сулы шүберек басып отырды. – Дергтің беті жаман, күн өтіп, ішіне ауа түспесе неғылсын. Күн өткен адамның төбесінен қара қойдың тәстігін тартып, не қасқалдақтың қанын ағызушы еді-ау осы...».

Қайдасбек осы мезетте иығынан төмен сорғалаган манағы мұздай жалғыз тамшыны есіне түсіріп, тағы да бүкіл жан-тәні, өн бойымен сол қүйді сезініп өтті. Оң қолымен еріксіз иығын, жүрек тұсын, сол жақ қапталын еріксіз сипалай берді.

– Сол. Соның өзі бұл. Иықтан төмен түсіп, жүргімнің тұсынан сорғалап еткен...

Қайдасбектен мән-жайға қаныққан соң, Сәдірхан шалдың көзі жасаурап, жан өлемін толқыныс биледі.

– Алда, жарықтық-ай, киелім-ай, жанұшыра келіп жебеген екен ғой сені. Дергті аяғынан ұшынан шығарыш жібергені ғой бұл! Киелім-ай [3, 99].

Жалпы, түркі халықтарындағы Жылан образы негізінен тотемдік түсінікпен байланысты. Мұны жазба ескерткіштеріндегі Қыргыз жерінен табылған біздің әрамызға дейінгі адамдарды қауіштен қорғауға арналған дүғалық мәтіні бар ескерткіштер растайды. Қалайы дәуіріндегі Сібірдің күн қабірінен табылған төрт жылан орта ғасырдың түркі тайпасы кайылардың жылан түріндегі таңбалары Жыланның тотемдік бейнесі екендігіне дәлел. Қазақ түсінігіндегі «жыланның адамның киіміне енсе оны бай және бақытты етеді» деген сенімі мен адамдардың жылан басы бейнеленген тұмар тағуы да осы танымның іздерін танытады.

Дүние жүзі халықтарының көбіне, соңдай-ақ, парсы, түрік елдерінде Жылан материалдық байлық беруши бейнесінде, кейде жақсылыққа жақсылық қайтарушы ретінде көрінеді – дейді ғалым Б.Әбжетов [5, 10]. Фольклордағы жыланға қатысты ұғымдар:

- Жылан – жер асты патшалығын мекендейді.
- Жер астына тұскен кейішкерді жер бетіне шығарады.
- Жылан кейішкерді қауіштен құтқарып, оған дүниенің тілін үйретеді.
- Жыландардың тартысын көріш, кейішкер ақ жыланға көмектеседі, т.б. сипатта көрінеді [5].

Ордалы мекен жайларған жердің «Жыланнды» аталуында фольклорлық топономикалық аңыздың ізі сақталған. Авторлық қолданыстағы бұл ұғымдар кейішкер тағдырларымен тұтастықта қарастырылған.

Қоғам мен адамның арақатынасы ізгілік пен зұлымдық тартысы қай заманның да руханияты үшін өзекті тақырып болған. Қазақ прозасындағы табиғатты жандандыру, әсіресе Құс бейнесімен өмірінің заңдылықтарын адам өмірімен астастыру арқылы ой айтудың өзіндік бір арнасы қалыптасқан. Белгілі қаламгер Қ.Жұмаділовтің «Құзғынның өлімі» шығармасындағы бүркіт пен құзғын образында адамның шығу тегі мен белгілі жануарлар немесе өсімдіктер, жансыз заттар түрлері арасында туыстық байланыс бар дейтін алғашқы қауымдағы тайшалардың табиғаттағы белгілі бір зат немесе

қандастық әрі туыстық байланысына негізделген тотемдік наным ізі сақталған.

Тұркі тектес халықтардың эпостарында «құс тұмсық», «құс мұрын», «құс қанат», т.б. қыран құстардың бейне келбеті көптеп ұшырасады. Ал, қазақ балаларына, жер-суға көп қойылатын бүркітке байланысты аттар осы құсқа қатысты байырғы наным-сенімнің тікелей әсері деп қаруға болады.

Әңгіме өү бастамасында құс жайында сияқты көрінгенмен, авторлық баянмен қатар өрілген кейішкөр ойы арқылы Құстың символикалық астары біртіндеп аныла түседі. Құзғын жайындағы қазаки таным-түсініктерді тілге тиек ете отырып суреткер Құзғын образына, қазақ халқына қасіret өкелген сан ғасырлық жау типін аллегориялық тәсілмен жинақтаған.

Суреткер таланттының ерекшелігі адамдар өмірін құс өміріне көшірумен ғана шектелмейді. Сол арқылы қазақ халқының қылышындағы тағдырын елестегіп өтеді.

Қыран жайлы фольклорлық көзқарас шығармашылық әдістермен шеберлікпен пайдаланылғандығы, құзғынның жан дүниесі мен оның өмірлік мұратын терендей баяндайтыны антитезалық жолдарға сыйғызған. Бұл қаламгер таланттының даралығын айқындастырын жаңа үрдіс.

Құс туралы көне мифтік ұғымдарды қайта жаңдандырыш, адамзат өмірінің мәселелерін қозғаудың мысалын Э.Көшшевтің «Құмайкөктің кек аспаны» атты туындысынан да байқаймыз. Жазушы қиялыша қанат бітірген аспан кеңістігі, тек биіктікті мекен еткен қыран құстардың өмірімен өзара тайталас тірлігі. Бұл тірі табиғат атаулыға тән заңдылықты беруде жазушы фольклорлық мифтік ұғымдарға арқа сүйеген.

Сондай-ақ Құт-Құс – Тәңір мен жер арасындағы дәнекер, әрі адам баласына «жан беруші, қорғаушы, киелі елшісі, жебеп қорғаушысы» (медиатор) дейтін сенімдердің ізі осы шығармада да көрініс тапқан.

Қазақ халқының бүркітті аса қадірлең, қазақ қоғамының бір жанды мүшесіне санағандығын, қапелімде мерт болған немесе ауылда өлген бүркіттің иесіне: «Ат өледі, құс қашады, екі қанат бір құйрық табылар, ажалы жетсе бәрі өледі», – деп сабырлыққа шақырыш, көңіл айтудынан көруге болады. Қазақта ертеректе өлген қыран құстың қанат, құйрығына май жағып, ақ матага орац, биік тау құздарына немесе адам аяғы баспайтын жерге арулаш жерлейтін салт болған. Авторлық баяндау арқылы Құмайкөк атты қыранның жан қүйзелісі, айнала табиғатпен қарым-қатынасы шеберлікпен суреттелген.

Шығармада автор табиғаттың дүлей күшімен бетше-бет келетін қыран құстардың өмірін суреттеу арқылы төзімділік пен күш-қайрат, жігер сезімдерін алға тартады. Қаншалықтың қыны кедергіге кезіксе де Құмайкөктің тар қуысқа тығылмай, қыранға тән мінезден жаралы қанатымен самғауы қыран жайлы халықтық ұғымдарға сәйкес. Құстар өміріндегі аналық, аталақ сезімдерді, ұршақ өрбіту жағдайларын суреттейтін тұстарды Құмайкөктің ақыл-ойында жүріп жатқан ой, сезім сипаттары арқылы бедерлеген. Ана қыран мен бала қыранның қатар сілтеп қалыспай бара жатқанын көрген. Ата

Танжарықова А. Қазақ прозасындағы түркі халықтарына..

қыранның соңғы күш-куатын жинап, сыйнық қанатын көтере ұшқан өрлігі рухы биік қазақ болмысының намысын мәдзеп түргандай. Жазушы көркем шарттылықтардың бірі еске түсіру тәсілін де құсқа тән қасиет ретінде алады.

Жазушы Құмайкөктің өзінің ғана емес, оның ата-бабасының басынан кепірген жағдайларын баяндау арқылы бүркіттер өміріндегі жалғастық, тектік, туыстыққа назар аудартады. Фольклорлық шығармалардағы шежірелік тұтастану құбылысын тудырган ата-бабасынан таратып жырлау, кейішкериңің өзіне дейінгілердің ерлік ісінің жалғасы екендігін дәріштеу тәсілінің ізі осы шығармадан анық байқалады. Ол – өзінің ұрпағы үшін ата жауымен жан аямай айқасып, ақыры өзін құрбандыққа шалған Құмайкөктің бесінші атасы Зілқара қыранның тағдыры. Халықтың жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен ізгілік жайлы ойларын Зілқара мен оның қарсыласы Қиданың образына жинақтай отырып, жазушы қай заманда да жақсылың етегінен тартып, аяғынан шалған жауыздардың бар екенін ескертеді. Өз ұрпағының өмірін өз құрсағының қамы үшін қиған Қидан да бүркіт тұқымдас. Бірақ оның Зілқара қыран мен оның ұяластарынан тұрпаты да, пифылы да мұлде бөлек.

Әпостық жырлар мен ертегілердегі елі сүйген ердің жауымен бетпе-бет соғысын суреттеу құстар өміріне көпірліген. Батырдың тілеуін тілейтіндей ел де Зілқара жағында. Алайда жауыздық та осал күш емес. Ол да оңай беріспек емес. Бұл сәтті суреттеудегі авторлық сипаттаулар шебер суреткерлік белгісі. Тағы да атап өтерлік мәселе, батыр тұлғасындағы Зілқара қыран «шапса қылып, атса оқ өтпейтін» магиялық күшке ие емес. Ол қаншалықты тегеурінді күш иесі бола тұрса да, бірде женіш, бірде женіліске түсіп жатады. Бұны фольклорлық ұғымның жазба әдебиетінің көрігіне түсіп, қайта жаңғырған сипаты, реалды өмір шындығына жақыннатылған формасы деуге болады.

«Зілқара есін жиып алғанда, құз-жартастың кемерін қуалай біткен қалың тобылғының үстінде жатқанын бір-ақ білді. Жер мен көктің арасында қидан шаттана шаңқылдаш жүр екен. Құрысқан қанаттарын жазып, салмақтаап-салмақтаап қағыш қояды. Зілқара орынан үш ұмтылыш әзер тұрды. Мұны көре салған қидан көзіне қайта қан толыш, дәл төбеден сорғалады-ай кеп!» [6, 234].

Өлім мен өмір қатар арбасқан жантәсілім сәттегі қыран басына келген ойларды суреттеуде психология элементтері терендей түскен. Бүркіттің ата-бабасына сиынуы, қыран атаулыға тән өлім алдындағы Әулие шөпті тістемей өлгеніне өкінуі өзінің ұрпағы үшін құрбандық шалу сезімдерін суреттеуде адам мен табиғат жігін ажыратпайтын мифтік сана сөүлесі көркемдік мән иеленген.

Әрине, жазушы фольклорлық сана, ұғымдар мен поэтикалық заңдылықтарды көркемдік құрал еткенімен, өз оқырманының уақыт талабымен санаспай тұра алмақ емес. Жазушы бүгінгі заманың өкілі болса, оқырман да көркем шарттылық пен шындық шекарасын айқын ажырата

алатын сана-сезім иесі. Соңдықтан да автор құстар өмірінде сан қылышының сүреттегенімен, әңгіме оқиғасының шарықтау шегіне адам баласының әрекетін қосқан. Бұл әрекет түз тағыларының тайталасының түйінін шепшетін шешуші оқиға. Қыран құстың адам баласын ажалдан арапшалац, өзін құрбандыққа шалуы – адам мен табиғаттың бірлігін аңсаған авторлық идеяның көрсеткіші.

Жазушы қаламының қуаты арқылы өрілген тек, тамыр, қасиет, кие жайлы ұғымдар туыстық сезімнің дәрілгелуімен түйінделеді. Өз ұяластарын сырт жауыздықтан қорғау жолында құрбан болған ата қыран жайлы ақызды аңсай отырыш есіне алған Құмайкөк те, құзғын қолынаң мерт болған баласын аңсан аңыраған ана да оқырман көңіліндеге аянып тудырады. Сол арқылы оқырман ізгіліктің, жақсылықтың бағасын парықтай түседі.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. 1 том. А., 1985.
2. Ә.Салықбай. Тұн түнегіндегі екеу. А., 2010.
3. М.Айымбетов. Құмәзек хикаялары. А., 2007.
4. А. Тойшанұлы. Түрік-монгол мифологиясы. А., 2009.
5. Б.Әбжетов. Қазақ ертегілеріндегі ұнді-иран мотивтері. Ф.ғ.кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған автореферат. А., 2002.
6. Ә.Көпішев. Құмайкөктің көк аспаны. А., 2007.

REZUME

**TANZHARIKOVA A. (Almaty)
COMMON FOLKLORE WAYS OF TURKIC PEOPLES IN KAZAKH POETRY**

The article deals with the common folklore ways of Turkic peoples in Kazakh poetry, such as phenomenon of Moon, Sun, Fire, snake totem, bird figure.

Нурфия ЮСУПОВА

ТРАНСФОРМАЦИЯ СУФИЙСКИХ СИМВОЛОВ
В ТАТАРСКОЙ ПОЭЗИИ НАЧАЛА ХХ ВЕКА

В поэзии начала XX века доминирует мышление образами-символами. Особо в этом плане стоит отметить традицию суфизма, философско-эстетические основы которого были близки к символизму и элементы проявились в татарской литературе начала XX века. В татарской поэзии о Тукае начала XX века также и доминирует суфийская символика, где на первый план выходят такие астральные образы как «Звезда», «Солнце», «Луна», «Свеча»; и в формировании национального идеала в лице Тукая участвует суфийская концепция Совершенного человека.

Tokay hakkında XX asır başlangıcındaki tatar şairinde tasavvuf sembollerine geniş yer verilmiştir. "Yıldız", "Güneş", "Ay", "Çıraq" tamamlanıyla millî kahraman olan Tokay'ı "gelişmiş insan" olarak göstermeye çalışır.

В поэзии начала ХХ века доминирует мышление образами-символами. Особо в этом плане стоит отметить традицию суфизма, философско-эстетические основы которого были близки к символизму и элементы проявились в татарской литературе начала ХХ века [3, 75-76]. По мнению исследователей, культура выражает себя через мир символических форм, которые передаются от человека к человеку, от поколения к поколению. Через символы нашему сознанию открывается святая святых культуры – смыслы, живущие в бессознательных глубинах души и связывающие людей в едином по типу переживания мира и самих себя [1, 14-15]. Искусство ХХ века, по определению А.Белого, насквозь символично [2, 340].

Как отмечает А.Саяпова, историко-культурный фон татарской поэзии начала ХХ века способствовал активному вторжению в нее суфийской образной системы, которая придала в целом светской, европеизированной поэзии национальный восточный колорит, расширив и обогатив ее художественное и эстетическое содержание [3, 97]. Прослеживая отдельные произведения, посвященные Г.Тукаю, можно выделить трансформацию суфийской символики в татарской литературе начала ХХ века, определить художественные особенности творческого сознания.

В поэзии начала ХХ века личность Г. Тукая становится символом нации, идеалом татарского общества. Как известно, общей тенденцией в татарской литературе начала ХХ столетия является повышенный интерес к национальным проблемам. Эта тенденция отражается в создании идеальной, абсолютной личности в ее специфике.

Символизация личностей своими корнями уходит в средневековую литературу. Прослеживая эволюцию идеализации можно выделить ряд

этапов в данном процессе, наблюдать диахронические трансформации идеала в татарской литературе, которые в конечном итоге приводят к формированию светского идеала в начале XX века.

В булгарский период возникает идеал в соответствии с религиозно-исламской идеологией, доминирует «религиозный идеал». Исламская философия оказывает решающее влияние на его формирование в среднем Поволжье. Через мусульманский мир в татарскую литературу проникают традиции восточной литературы, общественно-философской мысли (суфийское учение), основанные на учении «Камиль инсан», (совершенный человек), предложенном Ибн Араби (1165-1240), создавшем философские основы суфизма [4, 62-75].

В качестве образца абсолютного совершенства восточный мыслитель возносит пророков, от Адама до Мухаммеда, уделяя духовному миру и образу жизни последнего особое внимание и рассматривая его как отсвет божественного [5, 56].

По мнению Ибн Араби, образ Адама, Совершенного человека, повторив образ Бога в зеркале мира, стал вселенской матрицей бытия [6, 21-22]. Образ совершенного человека в лице Мухаммеда, сумевшего сплотить языческие арабские племена в единый «мусульманский народ», воспринимается и как стержень некоего центра, способного объединить вокруг себя человеческое общество. В силу превосходства духовных и нравственных качеств, эта идея, определенная в трактатах великих мыслителей Востока Аль-Фараби, Ибн-Рушди, Ибн-Сины, проникает в средневековый татарский мир через труды Насреддина Туси, Низами, Фирдоуси, Джами, Новаи и находит отражение в творчестве Кул Гали, Котба, С.Сараи, Х.Кятиба, Мухаммедьяра [7, 56-57].

Они, продолжая традиции своих предшественников, считали себя проповедниками объединения вокруг божественного и жизненного идеала в самом северном форпосте тюркского анклава. Непременным условием формирования идеального общества поэты предполагали наличие умного, образованного, справедливого правителя, т.е. наделенного качествами пророка. Одним из первых литературных произведений, представивший образец религиозного идеала в соответствии с учением «Камиль инсан», была поэма Кул Гали «Кыйssa-и Йусуф». Традиции Кул Гали, его представления об идеальной личности продолжаются в произведениях «Хосров и Ширин» Котба, «Махаббатнамэ» Хорезми, «Джумджума султан» Х.Кятиба, «Гулистан бит-турки» Саифа Сараи, а также в более поздних произведениях Мухаммедьяра, Умми Камала, Г.Утыз Имяни.

Во второй половине XIX века формируется новая мировоззренческая парадигма, в которой религиозные учения соединяются с просветительскими тенденциями. В центр внимания выдвигается уже земной представитель татарского общества, в котором концентрируются лучшие черты национального характера, происходит напластование религиозного и

Юсупова Н. Трансформация суфийских символов...

светского идеалов. Личностью, наиболее соответствующей данному идеалу, стал татарский просветитель Ш.Марджани.

В начале Нового столетия на литературной арене появляется образ-символ другой личности, который заботится о благе народа, все силы отдает делу нации, смысл жизни видит в служении народу [8, 127], борется за свободу духа и мысли, защищает интересы народа, главным качеством при оценке героя становится национализм. Надежда на светлое будущее татар связывается с социальной личностью, гуманистом, борющимся за счастье всех социальных слоев общества [9, 12].

Таким образом, формируется идеал личности, посвятившей себя служению народу - «национальный хадим». Учение о личности, посвятившей свою жизнь служению нации, было разработано И.Гаспринским и Г.Баруди, Ю.Акчуриным [10, 36]. В дальнейшем эта концепция совершенствуется в работах А.Хальфина, Дж.Валиди, Г.Забирева.

В поэзии рассматриваемого периода такие качества Тукая, как преданность народу и нации, граничащая с жертвенностью, душевность и гуманизм детерминировали многозначность нового идеала. При этом личность Тукая и его творчество рассматривается как дифференцированное целое. Высшим достоинством национального идеала - Тукая является его решимость отвечать за свои действия, способность к высшему духовному творчеству, творчеству совести, личной нравственной ответственности, в чем и заключается красота личности.

Кроме того, в формировании национального идеала участвует концепция Совершенного человека, т.к. при изучении образа Тукая в поэзии начала XX века можно выделить некоторые признаки суфийской концепции. В некоторых поэтических произведениях наблюдается устойчивая тенденция к изображению образа Тукая в ракурсе поэта-пророка. Например, в стихотворении «Поэту» С.Сунчалия автор опирается на традиции учения Камиль инсан, перед читателем Тукай предстает как поэт-пророк, стремленный к совершенству. Поэт является своего рода микрокосмосом, тенью, отражением макрокосмоса, что определяет в нем человеческие и божественные качества:

Эй, шагыйрь! Белсәң иде, нинди синең кадерең бөек!
Син Ходаның илчесе - һәм жырларың вәхи кеби! [11, 3].

В таких произведениях как «Азан» С.Сунчалия, «После смерти Тукая» Ш.Бабича образ Тукая создается в соответствии с представлениями об идеальной личности, как личности, обладающей нравственной чистотой, глубиной духа, богатством чувств и души, в то же время способной объединить татарскую нацию:

Рух ёрдең син, халкың тергездең син,

Гали күндең чәчте кодси нур... [12, 21].

В творческой деятельности поэта определяется благородный подвиг во имя народа, что кажется его пророческим призванием. Схожую тенденцию наблюдает Г.Халит и в творчестве Тукая при раскрытии образов Х.Ямашева, Ш.Марджани, Л.Толстого [13, 178]. В творчестве Г.Тукая наблюдается усиленный поиск идеала нового образца. В стихотворениях, посвященных Ш.Марджани, Х.Ямашеву, Г.Исхаки выявляются компоненты, присущие обобщенному образу идеальной личности - «героя своего времени». Самое интересное заключается в том, что данная модель стала использоваться в творчестве поэтов более позднего времени как образец в изображении самого Тукая.

Кроме того, в поэзии, посвященной Тукаю, личность поэта раскрывается через характерные для его же поэзии символические образы. В стихах Ш.Бабича («Габдулла Тукаев», «После смерти Тукая»), С.Сунчалая («Ручей»), К.Курмашева («Поэтическому соловью, великому Габдулле Тукаеву»), Х.Габидова («Почему же гаснут свечи»), носящих светский характер с идеально-смысловой нагрузкой, также обнаруживается суфийская символика. В них романтическая символика, взятая из арсенала суфийской литературы и превратившаяся в национальную традицию, становится своеобразным художественным приемом создания образа Поэта и Человека. Например, в стихотворении Х.Габидова «Почему же гаснут свечи» используется один из самых распространенных суфийских символов – свеча:

...Жил өрәме, мае йокмый - нигә бу шэмнәр сүнә [14, 129].

Осы кемелдікке жету жолында шәкірттер үшін қойылатын талаптар мен өте құнды ерекшеліктерді Ясауи мәдениетінің өкілі Хазинидің «Жауаир-ул Абрар мин Амуаж-ил Ихар» атты еңбегінен кездестіреміз. Аталған төрт қажетті шарттың тікелей дәстүрлі түркілік дүниетанымның негізінен алынғандығын көруге болады» [3, 247-248], - дейді ясаутанушы Д. Кенжетай. Қазақ халқында аталмыш шарттардың қажеттілігін түсіндіретін, сол шарттарды сақтауға қызмет ететін аталы сөздер көп-ақ. Мысалы, «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе күнден тыю» деген мақал таза қазақы түсініктен, ұлттық салт-дәстүрден тұғаны ақиқат. Жеті атага дейін қызы алыспау дәстүрі қоғам мүшеслерін туыстық бірлікті берік сақтауға, жеті атаны біліп, тарихи сананы жоғалтпауға мәжбүр етті. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде бұл жайтқа ерекше көңіл бөлгөн. «Бір қарағанда жеті ата ұстанымы қарашайым больш көрінгенімен, жанұялық-туыстық етепелікті тірек еткен этникалық тұтастықтың қуатты арқауы, таптырмас темір қазығы болды. Құні бүгінге дейін, сахараның жазылмаған заңы бойынша жеті атага дейін бір-бірімен үйленуге рұқсат етпейтін қазақтан басқа жер бетінде бірде-бір ел жоқ. Міне, қазақ халқының даналығы тудырган қуатты генетикалық тамыр қайда жатыр» [1, 42], – дейді ол. Бұл – Ясауи қажет деп тапқан төрт шарттың «ихуан» деп аталағын түрімен тығыз байланысты. Осыны жеріне жеткізе дәлелдеу үшін бірнеше ғылым салалары біріккен кешенді зергтеудің қажеттігі өлі де байқалады. Жалпы бауырластық, рухани бірлікті уағыздайтын, соны ұлықтайтын даналық сөздері аз емес. Ауызбіршілкің адамзат қоғамына қажеттігін тікелей де, тұспалдағы жеткізуіндегі үлгілері мол. «Ынтымақ түбі – игілік, бірлік түбі – игілік», «Ұрыс ырысты қашырап, ынтымақ халықты асырап», «Бірлік болмай, тірлік болмас», «Ұрыс алды – ынтымак», «Теңге – тиыннаң, ынтымақ – үйымша», «Бірлігі жоқ ел азады, бірлігі күшті ел озады», «Үйірлі құлан ақсағын білдірмес», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Бір жеңнен қол шығар, бір жеңнен бас шығар», «Көптен қашқан көмусіз қалар», – деген сияқты тұра мағынадағы мақалдар мен ауыспалы мәндегі мәтеддер де жиі айтылады. Бұлардың басты мәні – елді ынтымаққа шақыру. Соңдай-ақ Ясауи бабамыз үлгі еткен «рабт-и сұлтан» шартына қатысты «Ұлықсыз жұрт – бассыз дене», «Хан – бас, халық – кеуде», «Хан – шаңырақ, халық – уық», «Ханың сыйламаған ел азады», «Ел ағасыз болмас, тоң жағасыз болмас», «Көш басшысы жоқ ел оңбайды, құралай бастаған киік оңбайды», «Басшысыз елде береке болмас», «Әдепсіз үйге кірме, әкімсіз елде тұрма», «Патша – Құдайдың жердегі көлеңкесі», «Ханда қадыр болмаса, қарада ұят болмайды», - деген сияқты мақалдар бар. Мекен және заман шартын қуаттайтын: «Жекең жерінде көгерер, ер елінде», «Елінен безген ер оңбас, көлінен безген қаз оңбас», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде

ұлттан бол», «Шетте жүрсөң тарығарсың, өз елінді сағынарсың», «Бақа көлінде патша, балық сүйнде патша, жігіт елінде патша» т.с.с. мақалмәтелдер көп. Бұл даналық сөздер Ясауи ілімін дамытуға қажетті алғы шарттардың қажеттігін сезінуден, адамды, қоғамды бақытты өмірге бастайтын басты себептерді дұрыс түсінуден туған. Эрине, бұл түсінік тікелей Ясауи ілімінен туған және осы мақал-мәтелдер аталмыш алғы шарттардың сақталуына айрықша қызмет еткен деуге болады.

Қ.А.Ясауи өзінің дүниетанымдық ерекшелігін танытатын хикмет жолдарының бірінде: «Сүштөр ерміші кафир болса берма азар», - дейді. Адамды дініне, нәсіліне т.б. ерекшеліктеріне қарай белмеу, алаламау идеясы бұл жолда айқын көрініс тапқан. Қазақ халқының ұлттық мінезіндегі сұхбатқа бейімділіктің, кеңпейілдік пен дархандықтың негізі Ясауи іліміндегі осы ұстанымнан келиш шығары анық. Осыған орай «Адамзаттың баласы кім болса да, жолда жатыр деп басып өтпе», - деген сияқты мақалдар бар болса, адам баласын құрметтеудің де өзіндік өлшемі, шегі бар екенін аталарымыз: «Еңкейгенге еңкей, атаңың қара құлы емес, шалқайғанға шалқай, пайғамбардың ұлы емес», - деп ескертеді. Адам баласының бұл дүниедегі ең ұлы міндеттерінің бірі – Құдайдың жаратқандарына қызмет қылу екенін әрдайым ескертіп отыратын Ясауи бабамыз оның ішіндегі ең ізгі істің адамзат қоғамына еңбек сіңіру екеніне көзіл бөледі. «Фақыл ирсаң иарашларға хизмат қылғыл», - дейді ол бір сөзінде. Адамзатқа, көшпілікке, халыққа қызмет қылуға ұндейтін: «Қалыптан безсең де, халықтан безбе», «Көп ұнатса, көк тоқтыңды сойыш бер», «Құдайдың бір аты – халық», «Құдайдың қарғысына ұшырасаң да, халықтың қарғысына ұшырама» тәрізді насиҳат сөздер ете ерте замандардан келе жатыр. Қ.А.Ясауи бұл көзқарасын барынша ұғынықты әрі әсерлі жеткізу барысында «топырақ болу» сөзін қолданады. Бұл сөз тіркесі өзгеше ұғым ретінде қалыптасқан. Хикметтердегі «топырақ» - семантикалық әр тараشتы сөз. Қара жердің, топырақтың өмірлік мәніне зерсалар болсақ, ол барынша қарапайым, жеміс беруші, сабырлы, қамқор, құшағына алушы, тазалаушы, жамандыққа жақсылық қайтарушы, яғни лас нәрсе, нәжіс тәксе де, ол оның орнына гүл өсіріп береді. Хақиқат іздеуші әулиелер халыққа осы топырақ сияқты қызмет етті. Өз заманында көшпілік оларды түсінбей зәбір-жаша көрсетсе де, олар, керісінше, халыққа жақсылық жасаудан танған жоқ, елді ізгілікке бастайтын рухани ілім таратты. Халықтың аяғының астында топырақ сипат болыш жату образы, бір жағынан, елге қалтқысыз қызмет етуді білдірсе, екінші жағынан, сонылардың «нәпсіні өлтіру» дағдысымен де байланысты. Қ.А.Ясауи бірде: «Он туртимда тұпрак сифат болдым мана», - десе, енді бірде: «Тұпрақ болғыл ғалам сени басыб утсун», - дейді. Осы мазмұнда «Өз елімнің басы болмасам да, сайынның тасы болайын», «Менде болсын, менде болмаса да, елде болсын», «Атаңың баласы болма, адамның баласы бол», «Халық сүймес, халық сүйген суға да батпас, отқа да күймес», «Еңбек етпесең елге өкпелеме, егін екпесең жерге өкпелеме», «Өзге үйге құл болсаң, өз үйіңде ұл боласын» сияқты даналық

Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Ясаудің қазақ мәдениетіндегі орны.

сөздер бар. Топырақ сипат болудың қарсысына тәкашарлық қойылады. «Тәкашарды тәңір сүймейді», «Тәкашардың тәубасы қабыл болмайды», - дейді халық бұл жайында.

Сопылық жолда Аллаға ғашық болудың шарты – Оның дидарына ұшырасу. «Дидар – көру, тамашалау, жүз, көз, сияқты мағыналарға келеді. Сопылық терминдік мағынасы – құдайлық кереметті, сұлулықты тамашалау, сүйікті (хак) дегенге саяды» [7], - дейді Д.Кенжетай. Сопылар дидар көру жолында екі дүниенің қызығын да, тіпті жәннэтты да талаң етпейді. Қ.А.Ясаудің «Ики ғалам ғашлатларин мәйға сатдим», «Билициз: ики жаһан кузга илмас даруишлар», - деген сөздері осы түсінікті білдіреді. Тек қана Жаратушыны талаң етуді білдіретін «Шайдан басқа асым жоқ, Құдайдан басқа досым жоқ», «Талаң пендеден, көмек Алладан», «Алла деген арымас, Алласыз пенде жарымас», «Күштіге сыйынсан, Құдайға сиын», «Құдайға сенген құстай ұшады, Адамға сенген мұрттай ұшады», «Жалғыздың жары – Алла» тәрізді мақал-мәтелдер көп. Дидар көруге қажетті шарт – жүрек көзінің ашылуы. Ясауи өзінің 10 хикметінде:

Мансур келгач дар игилиб узи алды,
Батын кузи ачуқлари хайран қалды,
Парту салыб Алла узи назар қылды,
«Ушуқа» деб дидарини курдим мана [5,153-154], –

дейді. Осыған орайласатын «Көзі соқырдан қорықпа, көңілі соқырдан қорық», «Ары таза жігіттің – жаны таза», «Ақымақтың ақылы білегінде, ақылдының ақылы жүргегінде» деген мақалдар бар.

Жүрек көзінің ашылуы, көкіректің ояулығы – Жаратушының дидарын көруге жол ашатын басты шарт, сонымен қатар, ол екі дүние бақытының, ел бірлігінің және ұрпақтар салауаттылығының да кепіш. Сопылық танымда жүректі ластайтын «екі дүшшан» сырттан әсер етумен бірге, адамның ішкі әлемінен де орын алады. Соңдықтан да бақыт үшін жүргізілетін күрес адамның өз-өзін женеу болып табылады және мұнда жеке адамдың бақыттың болуы мүмкін емес. Жеке адамның өз бақыттың табуы өзгелерді, қогамды жақсылықта жеткізумен қатар жүреді. Сопылық таным бойынша, бір жүректің тазаруы барлық адам баласын бақытқа жетелейді. Бұл туралы Ясауи жолын үлгі түтқан хакім Абай:

Жүректе көп қазына бар бәрі жақсы,
Теңіздің түбіндей-ақ қараң бақшы.
Сол жүректен жылыштық, достық пенен
Бұлақпа ағыш ғаламға тарамақшы [8], –

деп жырлайды. Ал бар бақытсыздықтың көзі жүректің ластығы болса, оның себепкери – әлгі айтыған екі дүшшан. Бұл туралы Ш.Құдайбердіұлы:

Кейінгіге сәлем айт біз байғустан,
Бұл сарайда көп екен бізге дұспан.
Қызықтырыш, қыздырыш алдайды екен
Біреуі штеп болғанда, бірі тыстан [9], –

десе, дәл осыған ұқсас ойды М.Ж.Көпейұлы да жырға айналдырган:

Табылды өз бойымнаң екі дүшшан,

Біреуі штеп болғанда бірі тыстан.

Кезіксе алтын-күміс тілін білген

Қорытып айрыш алар бізді мыстан [10].

Алланы үздіксіз еске алу – адам рухын зұлым құштердің иелігінен, «екі дүшшаннаң» толық азат етудің басты құралы. Бұл туралы Ясауи:

Закир болыш зикрин айтса келган ніда,

Шайтан лағин иетміш фарсаң болгай жуда [5, 217],

немесе

Алла дибан куздин куйса, ғалам куяр,

Хас бандам деб раҳман егам иалғуз суяр.

Иаш урниға қанын туқиб, иузни буяр,

Хамдин айтса, шайтан лағин қачар, достлар, [5, 178], –

дейді. Бұл ақиқатты кейінгі қазақ ақындары да жырға қосты. Мысалы, Сұғір Бегендікұлы:

Қожа Ахмет Ясауи

Зікір айтып зарлаған,

Жұзінен иман шашылған,

Зікірмен шайтан қашырған,

Көкірек көзі ашылған [11], –

деп жырласа, Ақтан Керейұлы:

Зікірмен зарлап түн қатып

Нәпісін шашқан балталаш.

Шайтанды сесспен қашырған

Көкірек көзі ашылған [12], –

дейді. Соныбың танымда бүкіл адамзат қоғамындағы бақытсыздықтың, алауыздықтың себебі болған нәпісі мен шайтанды жеңедің басты құралы – осы зікір ғибадаты. Рухани ілімді таратудағы ең күшті құрал да осы – зікір практикасы болды. Зікірдің толық аты – зикрұлла, яғни «Алланы еске алу» дегенді білдіретін сөз. Ясауи жолында зікірдің «алқа», «ара» және «құшия» деп аталатын түрлері қатар қолданылған. Рухани кемелдену кезеңдерінде олардың әрқайсының өз орны бар. Ислам дінінің мәніне жеткізетін ғибадат түрі болғандықтан, Кенес үкіметі кезінде зікір салуға қатаң тыйым салынды. Зікір практикасын меңгерген рухани тұлғалар бірінші кезекте қуынға ұшырады. Одан бұрынғы Ресей патшалығы, Қоқан билігі кезінде де Ясауи жолын ұстанушылар қуындалған болатын. Себебі олардың бәрі отаршылдық және басқыншылық саясат жүргізген мемлекеттер еді. Ал отарлау ісінің сананы өзгертуден басталатының, ал сана діни нағымға негізделетіндіктен, бұл сойқанда дін мәселесінің алдыңғы орында тұратының тарих бізге әлденеше рет көрсетіп берді. Бар мәнінен айрылып, сыртқы құлшылықтармен, тиымдар жүйесімен шектеліп қалған формальды ислам отаршылдыққа қарсы тұра алмайтын еді. Сондықтан аталмыши

Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Ясаудің қазақ мәдениетіндегі орны.

сүргіндер кезінде дүмшесі молдалар мен сиқыр ілімдерін менгерген аяр ғалымсымақтарға ол сойқанның салқыны тиген жоқ. Исламды мәнімен түсіндіретін хал ілімінің кілті – зікір салумен айналысқандар ғана қатал қыспак көрді, өлім жазасына кесілді. Фасырлар бойы желісі үзілмей келген зікір ғибадаты соңғы ғасырда көзден таса болғандықтан, көшілік оны ұмыта бастады, тіпті оған жатсына қарайтын әдет шайда болды.

Рух зұлым құштерден азат болған кезде ағайын тустыры бір-біріне, әйелді еріне, баланы ата-анаға қарсы қоятын аталмыш дүшшандардың әрекеті тоқтайды. Берісі бір отбасының, әрісі ауыл-аймақтың, тұтас елдің ынтымагы қолға осылай келмек. Ал бақыттың кепші – ауызбіршілік екенін халықтың:

- Бақыт, қайда баراسың?
- Үнтымаққа барамын, - деген мәтелінен-ақ білуге болады.

Азат рух Жаратушыны таниды. Жаратушы танылған кезде, оның жаратқандарының, яғни он сегіз мың ғаламның сырлары оңай игеріледі. Бұл – рухани-интеллектуалдық деңгейдің шырқау биігі болмақ. Қазіргі таңда Әбу Насыр әл-Фарабидің жетпіс тіл білуі, Әбу Райхан әл-Берунидің сан алуанғылым, өнер салаларын қатар менгеруі сияқты адам мүмкіндігінен тыс деп есептелеш жүрген қасиеттері де рухани деңгейдің осы биігінде мүмкінге айналады.

«Атадан оза туған бала» да кездейсоқтықтың нәтижесі емес. Бұл да жүрек тазалығына, сол жолдағы тақуалыққа тәуелді. «Ер көкірегі жүкті болмай, әйел дана тумайды», – деген мақалдан осы ақырат танылады. Абай мен Құнанбай жайындағы халық аузында айтылған мына әңгімеде де осындағы мән бар: «Бірде сөзден сез шығып, Ербол Абайдың осындағы зеректігін, зерделілігін айтыш, халыққа айрықша қадірлі үл екенін айтыш, әкесі Құнанбайға мақтамай ма? Сонда Құнанбай:

- Эй, Ербол! Сен мақтағыш болсаң, алдымен мына мені – Құнанбайды мақта! Неге десең, мен өзімнен асырып, Абайды тудырдым. Ал, Абайың мықты болса, өзінен асырып үл тудырсын. Оны содан кейін мақтарсың қарағым, – деген екен» [13]. Әзіл-шыны аралас айтылса да, осында үлкен шындық жатыр. Демек Абай атамыздың айрықша дарын иесі болыш туылып, әлемді таң қалдырлықтай даналықты менгеруінің басты себебі Құнанбай атамыз бер Үлжан анамыздың жүрек тазалығымен айналысқан дегдарлығында екен. Ясауи ілімі, осылайша, адам мен қоғамды, қоғам мен болмысты, ата-баба мен келер ұрпақты, ол дүние мен бұл дүниені тұтастықта қарастырады. Оның ізі халықтың салт-дәстүр мен фольклорда сайрап жатыр.

Хикметтерде жиі кездесетін метафизикалық үғымдар халық даналығында да аз айтылмайды. Сопының ең басты екі жауы – нәпсі мен шайтаң, олардың сипаты жайындағы үғым-түсініктер халықтың ділмар сөздерінде едәуір жақсы беріледі. Шайтанмен, нәпсімен құрес туралы Қ.А.Ясауи: «Лапқар тузап шайтан бирла мен уриштим», «Ниммат берсан шум нафсимга урсам табар», «Нафис иолига кирған киши расуа болур», -

десе, мақал-мәтелдер бұл жайында «Алланың шайтанынан, адамның шайтаны құпті», «Құдайдан безгенді шайтан сүйеді», «Сайтан жылаш сенірді», «Нәпсінің тізгінін тартпасаң, адамдық кетер, ар кетер, өмірге өрнек салмасаң, дүниеде болма бар бекер», «Ит терісі и болмас, нәпсің жаман би болмас», «Ашу – ақылдың дүшпаны, нәпсі – иманның дүшпаны», - дейді. Әрдайым шайтанға қарсы мәндеге сипатталатын перште туралы да «Біле тұра қателессең – күнә, Құдайдан қорықпағаның. Білмей қателессең – күнә, перштемен ақылдаспағаның», - деген сияқты мақалдар кездеседі. Қазақтың ұлттық санаасына әбден сіңген «аруақ» ұғымы хикметтерде жиі айттылады. Және ол қазіргі шала сауатты діңдарлар түсіндіріш жүргендей, «шірк» ұғымы төңірегінде емес, керісінше, жер бетіндегілерді қолдаушы, жәрдем беруін құп ретінде сипатталады. Қ.А.Ясауи бірде «Барча аруақ иғлиб келгай мубаракта», - десе, енді бірде «Аруахимдин мадат тиблап уқың зинһар», «Он алтында барша аруақ улеш берди», - дейді. Халық мақал-мәтелдерінде аруақтың ұлес беретін сипаты да, жазалаушы қасиеті де көрсетіледі. «Дос берсе – жарын берер, Әруақ берсе – бәрін берер», «Құдай атқан оңалар, әруақ атқан оңалмас», «Алла кепшірер, әруақ кепшірмес», «Аруақ аттаған оңбайды», - деген сияқты мақалдар соның дәлелі.

Хикметтердегі «Жамла базрак (әулиелер – Б.К.) итылыб дуния қойдырылар», «Он секизда шилттан била шараб иштім», «Қайда барсам Қызыр бабам хазир болды», «Қайда барсам Қызыр бабам менә һамраһ», - деген жолдар аруақтың қолдаушылық қасиетіне деген сенімді қүштейтері сөзсіз және олардың осы мазмұндағы мақал-мәтелдердің көнтеп тууына себеп болғаны даусыз.

Аруақтың қолдаушылық, демеушілік қызметі, әсіресе, қазақтың қаһармандық жырларынан айқын көрінеді. Қаһармандық эпостың бүкіл халықты ержүректілікке тәрбиелеудегі негізгі құпі кереметке деген сенімде жатыр. Ал ол сенім халқымыздың ғасырлар бойы ұстанып келген ислам дінімен, сопылық дүниетаныммен тікелей байланысты. Қазақтың батырлық жырлардағы реалды өмір шындығына үқсай бермейтін кереметтік оқиғаларды халықтың шындық ретінде қабылдануына, бірінші кезекте, сопылардың өзі тікелей себепті болған. Сопылар бейбіт заманда елге ұлғі көрсетер еңбеккөр, шаруа болса, жау шашқанда қолына қару алып, жауға қарсы тұрган. Бұған Ясауи ілімінің ірі өкілі Райымбек батырдың өмірі дәлел бола алады.

Ғасырлар бойы қаймағы бұзылмаған ұлттымыздың отаншылдық рухы қаһармандық жырлардан нәр алып жатқан. Ерлік эпосы елдің жауынгерлік рухының қайнар бұлағы болуымен бірге, болашақтың бұралансыз бағытын да болжап берген. Тарихи шындықтан айтарлықтай алшақ кетпейтін бұл жәдігерліктер бабалар ерлігін дәріштеп қана қоймай, олардың жаза басқан сәттерін, орны толмас өкінішті жағдайларын да көрсетіп отырды. Тоқтамысты мерт еткен Едігенің ұйыған ұлысты тарыдай шашқаны, сондықтан өз өмірінің трагедиямен аяқталғаны, дүние үшін әділетсіз жорық

Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Ясаудің қазақ мәдениетіндегі орны.

жасаған Қобыландының, жауына сенген Алшамыстың тұтқында қалуы, «бір сынаған жаманды екіншілей сынама» керектігін ұмытқан Ер Тарғының мөртігуі, т.с.с. жайттар өте әсерлі бейнеленіш, ел есінде берік орыныш қалған. Батырлық жырлар сол арқылы нені ұлті тұту керек, неден аулак болу керек дегенді тайға таңба басқандай айқышадап танытты. Және үйрену мен жириенудің бұл өрнегі жеке басқа қатысты моральдық-этикалық құндылық болуымен бірге, қоғамдық-әлеуметтік мәні күшті тәрбие құралына да айналды. Яғни осы арқылы ел болыш қалудың шарттары мен қағидалары көрсетілді. Бұл да Ясауи ілімінде өмірлік шарттарымен сабактастықты білдіреді. Осы ұстанымдардың қаншалықты маңызды болғанын көп гасырлардан кейін дана Абай да отыз тоғызының қара сөзінде ескерткен еді. «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, *біз де ел қатарына кірер едік* (курсив біздікі – Б.Қ.). Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді.

Ол екі мінез қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қалса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыща ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң, манаң тауға сыймассың, басалқыңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп мақал айтыш, тілеу қылыш, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түтіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтыш, өулие тұтыш, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шынымен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?

Екінші мінезі – намысқорлық екен. Ат аталып аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен, «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетірер» деп, «Ағайының азары болса да безері болмайды», «Алғау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» десіп. Кәнеки енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді», – дейді ғұлама. Хакім Абай күн тәртібіне қойған осы мәселе бүгін де ділтір және барлық уақытта да көкейкесті больш қала бермек. Ясауи іліміндегі работ-и сұлтан шарты мен арлылық принциптерінің бұзылуы салдарынан XIX

ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамының сыртқы экспансияға қарсы тұра алмаған ақиқаты осы қара сөзде дәл көрсетілген.

Ясауи ілімінің халық арасына кең тарауына оның «Диуани хикмет» жинағы айрықша қызмет етті. Ел ішінде бұл жинақты түгел жатқа айтатындар көп болды. Оларды жүртшылық «хәфіз» деп те атаған. Құранды түгел жатқа білетіндерге берілетін бұл атақ, сірә, әулиелер сұлтанының: «Менің хикметтерім Алладан пәрман, бар мағынасы білгенге – Құран», – деген сөзіне байланысты туса керек. Хикмет (хикмат) – араб-шары тілдерінде «даналық», «даналық сөздер» дегенді білдіреді. Құран көрімді айшықтауда негізгі екі әдіс: тәғсир – оның мағынасын ашып мазмұндаш түсіндірумен қатар, тәуил – Құранның негізгі мәнін жүргегіне сінірген, хакиқат мәнін таныған Құдайдың сүйген құлдарының жүрек тереңінен табылатын Иллахи ілімді баяндайтыны белгілі. Соңдықтан Ясауи хикметтерінің Құранның сырлы әлемін, терең мәнін танытатын Алланың пәрмәні деп қабылдануы түсінікті. «Диуани хикметке» кейінгі замандардағы ясауия өкілдері автор атынан өз хикметтерін қосқанмен, олар Қожа Ахмет Ясауи үстаптанған сопылық этика нормасынан шықтай, ұлы үстазға деген құрмет аясындаған шығармашылық еңбек еткен. Соңдықтан мұндағы барлық хикметтер Ясауи дүниетанымынан алшақ кетпеген. Қожа Ахмет Ясауи өз заманында шары тілінің қолданылу аясының кеңдігін біле тұра және бұл дәстүрдің басым болғанына қарамастан хикметтерін мақсатты түрде түркі тілінде жазды. Мұны ұлы шайықтың:

Қоптамайды ғалымдар сіздер айтқан түркіні,
Білгендерден есіткіл, ашар көңіл мұлқінің.
Аят, хадис мағынасы түркі болса муафиқ (жақсы)

Мағынасына жеткендер, жерге қояр бөрігін [14], -

деген хикметінен анық көреміз. Хикметтердің халық арасында кең тарауымен бірге түркі тілінің мәртебесі көтеріліп, тұрмыстық тіл болып қалған аянышты халынен мемлекеттік тілге айналды.

Қазақ руханиятында жетекші орынды иеленген би-шешендердің, ақын-жыраулардың барлығы Ясауи жолының өкілдері болды. Бұл ақиқатты атеистік қоғамның қылышынан қаны тамыпп тұрған кезде де айтқандар болды. Мысалы, С.Сейфуллин: «Қазақ арасында жазба әдебиетін таратқан – Түркістаннан шыққан қожалар. Ол кезде қазақтың арасына көп тарағаны – Қожа Ахмет Ясаудің кітабы. Біздің қазақ ақындары соған елктеш кеткен» [15], - десе, С.Мұқанов: «Қазақта шаригаттан тариқат басым болған. Бұл заңды қолданушылар билер» [16], - деген болатын. Қожа Ахмет Ясаудің қазақ мәдениетіндегі орның қашпа зерттесек те, бұл мәселеңі біржола шешу мүмкін емес. Сөзімізді осы жөнінде айтқан Р.Бердібайдың сөзімен түйіндейік: «Түркі-ислам дүниесінің ең киелі кітабына айналған «Хикметтердің» қадір-қасиетін жүздеген жылдарда ешбір зерттеуші түгел анықтадым деген емес. Демек, бұл кітап түркі халықтарының, соның ішінде

Қорғанбеков Б. Қожа Ахмет Ясаудің қазақ мәдениетіндегі орны.

қазақ халқының рухани көдесіне жарайтын «өмір оқулығы» болыш қала беретіні көміл» [17].

ӘДЕБІЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.* Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999, 279 б.
2. *Абубов А.* Мировоззрение Ходжа Ахмета Яссави. Алматы: 1997, С.151-167.
3. *Кенжетай Д.* Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы. Түркістан: Тұран, 2004.
4. *Лотман Ю.* Мәдениеттер типологиясы // Өлем. Альманах. Алматы. Жазушы, 1991, 246-247 6.
5. *Йасауи Қожа Ахмет.* Диуани хикмет (Ақыл кітабы) (баспаға әзірлеп, қазақша аударғандар – М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шағиғи). Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993, 184 б.
6. *Радлов В.* Алғы сез // Ел қазынасы - ескі сез (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері) Алматы: Ғылым, 1994, 12 б.
7. *Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи.* Көңілдің айнасы (Мират-ул Қулуб) дайындаған Досай Кеңжетай Тұрсынбайұлы. Анкара, Билик, 2000, 52 б.
8. *Құнанбайұлы А.* Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2: Өлендер мен аудармалар. Алматы: Жазушы, 2002, 49 б.
9. *Құдайбердіев Ш.* Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988, 76 б.
10. *Мәшіұр-Жусіп.* Шығармалары. I т. Павлодар: «ЭКО» ФӘФ, 2003, 121 б.
11. Тіл таңбалы адайдың ақындары (құраст. Жетібай Жылқышыұлы). Ақтау: 2010.
12. *Ақтан Керейұлы.* Ақтанның үстазы Абдолла қазіретке айтқаны // Кене күннің жыр күмбезі (құраст. Б.Нұрдәүлетова). Алматы: Жазушы, 2007, 193 б.
13. Абай әзілдері. Алматы: Ғылым, 1995, 26-27 б.
14. *Зейбек Н.К.* Қожа Ахмет Йасауи жолы және таңдамалы хикметтер (аударған Д.К.Тұрсынбайұлы). Анкара: Бойут-Таң, 2003, 51 б.
15. *Сейфуллин С.* Шығармалар. 6 т. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964.
16. *Мұқанов С.* Таңдамалы шығармалар, 15-т, Алматы: 1979, 62 б.
17. *Бердібай Р.* Жұлдыздар жарығы. Алматы: Білім, 2000, 12-13 б.

REZUME

KORGANBEKOV B. (Shymkent) THE PLACE OF K.A.YASAWI KAZAKH CULTURE

Through the “hikmets” (wisdom) of K.A.Yasawi, kazakh people well introduced his “hal” (spiritual sciense) . This studys effect shown in daily life, in spritual life and folklore.

Қуанышбек КЕНЖАЛИН

ТҮРКИЯДАҒЫ ФОЛЬКЛОРТАНУ ЗЕРГТЕУЛЕРІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

В статье говорится о исследованиях проблемм фольклористики Турции основа который было заложено в начале прошлого века. За этот период времени несмотря на трудности, политические игры турецкая фольклористика изучается в более 20-ти университетах. И сегодня многочисленные исследования проблем фольклористики в Турции находят свое продолжение.

Makalede geçen asrı başında gerçekleşen folklor araştırmalar meseleleri incelenir. Her türlü siyasi engellere rağmen türk folkloru 20-den fazla üniversitede okunmaktadır. Ve şimdi de Türkiye'de folklor araştırmalar tüm hızıyla devam etmektedir.

Жалпы Түркияда фольклортану мәселелері, зерттеулері еткен гасырдың басынан басталады. Өйткені сол кездерден бастау алған түркілік, түрік мәдениетін оргаға шығару, дамыту мақсатында құрылған ең алғашқы үйым «Түрік үйымы» (*Türk Derneği*) дең аталыш, 1908 жылы құрылған [1, 116]. Үйымның мақсатын тереңірек таныту мақсатында «*Türk Derneği Меснуси*» атты журнал шыға бастады. Түрік фольклортану зерттеулері тұрғысынан осы үйымның мақсатты түрде жариялаған «*Türk Derneği Меснуси*» өз оқырмандарына халық сөздерін, түріктер жырлаған ескі жырларды, жауынгерлік (соғыс) мәселелерін, әңгіме, хикаялардың жинақталыш, жариялануы, шежіре, аңыз, халық еміне байланысты мағлұматтар жайлы баяндаған.

Түрік үйымының ізін ала 1911 жылы Түрік жұрты (*Türk Yurdu*) және Түрік ошағы (*Türk Ocağı*) атты үйымдар құрылады. Кейіннен бұл екі үйым бірігіп, «Түрік ошағы» атымен өз жұмысын жалғастырыш, жаңа үйымның хабаршысы да «*Türk Ocağı Mescusası*» журналы болған. Салонники қаласында жарыққа шыға бастаған «*Genç Kalember Mescusası*» (Жас қаламдар жинағы)» түрікшілдік дамуына үлкен үлес қосты.

1912 жылдан бастап түрікшілдік ойларымен таныла бастаған Зия Гекалшқа «түрікшілдік әрекеттің негізін қалаушы» деген ат беріледі. Зия Гекалш, неміс ғалымы Хердер сияқты ұлттық сананың, ұлттық рухани оянуы үшін, ұлттық мәдениетті оргаға шығару үшін халықтың өмірінен бастау алу керектігін айта отырыш, «Халыққа қарай» принципімен өзіндік шілдің қалыптастырады. З.Гекалш, өз принципінде мақсатын түсіндіру және қанатын жаю мақсатында «*Halka Doğru*» (Халыққа қарай)» атты журнал шығарады. Бұл журнал түрікшілдік идеологиясымен қатар түрік фольклоры үшін де өте маңызды еді. Өйткені, түрік тілінде фольклор туралы ең алғаш осы журналда З.Гекалш тараҧынан жазылған болатын.

Зия Гекалш аталған журналдың 29 шілде 1913 жылғы санында жарияланған «Халық мәдениеті I. Бастауы» атты зерттеуінде «Әр тайпаның

Кенжалин Қ. Түркиядағы фольклорғану зерттеулерінің ...

екі мәдениеті бар: ресми мәдениет және халық мәдениеті.... Жазба түрде қағидалары жоқ, бірақ ауыздан ауызға таралуы арқылы кеңінен таралған бұл «ана үй» мәдениеті құрған ғылымға «халықият» аты беріледі», - деп жазады [2, 72-86].

Мехмет Фуад Көпрулұ «İkdam (Иқдам)» газетінің 1914 жылғы 31 наурыздағы санында жарық көрген «Дастандарымыз» атты мақаласында түркшілдік әрекетіне қарасты «Türk Bilgi Derneği (Түрік білім үйімі)» үйімі түркітану бөлімшесінің дастан жинауга байланысты жұмыстар жүргізгендігін және жиналған кейбір дастандардан мысал келтіреді. Бұл да Түркиядағы ең алғаш фольклор жинау жұмысы еді.

Жалпы, 1908-1924 жылдар арасында бірлі-екілі зерттеулерден басқа көзге іліп ала қояр жұмыстардың әлі дүниеге келе қоймаған, Түркияда фольклор зерттеулерінің жаңа бастау ала бастаған кезеңі еді. 1924 жылы Стамбул университетіне қарасты Түркітану институты ғылыми зерттеулерді негізге ала отырып монографиялар дайындауда, дайындалған түрлі фольклорғанумен байланысты зерттеулер аталған ұжымның «Türkiyat Mescidi (Түркітану журналы)» атты журналында жарияланыш, жарық көреді [3, 36].

Анкарада 1925 жылы құрылған Этнография музейі түрік халқы пайдаланған этнографиялық материалдарды жинау жұмысын бастайды: халықтың қолөнері, ұлттық киім, тоқыма түрлері, кілемдер, күнделікті тұрмысқа қажетті нәрселер, әшекей заттарды экспонат ретінде жинау жұмыстары жүргізілген.

Түрік айдындары мен өкіметтің колдауымен 1927 жылы «Anadolu Halk Derneği (Анадолы халық үйімі)» атымен Анкарада құрылған үйім 1932 жылға дейін айна 1 рет «Halk Bilgisi Haberleri» атты журнал шығарып, 124 саны жарық көрген. Бұл журналдың бір ерекшелігі өткізілген конференциялар, Анадолының әр бүрышынан жиналған фольклорлық туындылар: азыздар, ертегілер, хикаялар, дастандар жарияланған.

1930 жылы «Türk Dilini Tetkik Cemiyeti» (кейіннен «Türk Dili Kurumu» деп аталған) және «Türk Tarihini Tetkik Cemiyeti» (кейіннен «Türk Tarih Kurumu» деп аталған) атты екі үйім құрылған. Аталған екі үйімнің да негізгі мақсаттары – фольклорғану зерттеу жұмыстары болмаса да, зерттеу жұмыстары барысында фольклорлық туындыларды да, мақал-мәтедер, жұмбактар, дастандар, жырлар, азыздар және т.б. жинақтау.

1938 жылы Анкара университетінің Тіл, тарих және география факультетінде Пертев Наили Боратав тараапынан «Фольклор және халық әдебиеті» атты жеке дәріс ашылып, ең алғаш рет түрік фольклорының архиві құрылады. Алғашқы академиялық фольклорғану дәрістері Пертев Наили Боратавпен басталыш, Стамбул университетінде Мехмет Фуад Көпрулұ тараапынан жалғасын табады. Бірақ, 1948 жылы идеологиялық себептермен профессор, доктор Пертев Наили Боратав және профессор, доктор Илхан Баптездің фольклорғану дәрістері тоқтатылады. Түрік фольклорғануның

ұлken екі тұлғасы бұдан кейін шетелде өмір сүріп, ғылыми зерттеулерін сол жақта жүргізуге мәжбүр болады. Бұл кезеңде Мехмет Ф. Көпрүлұнің де ұлken саясатқа кетуімен 1960 жылдардың соңына дейінгі мерзімге Түркияда фольклор зерттеулері, жұмыстары тоқташ қалды.

Түркияда фольклорды зерттеу, зерделеу жұмыстарының қайта жаңдануында 1966 жылы құрылған Үлттық фольклор зерттеу институтының (Milli Folklor Araşturma Enstitüsü) алар орны ерекше. Бұл институт фольклортануға байланысты конференциялар мен симпозиумдар ұйымдастырып, фольклорлық туындыларды халық арасынан жинап, жиналған туындыларды архивтендіріп, оларды жариялаудың айналысқан. Бұл жұмыстардың ішінде түрік фольклортану зерттеу жұмыстары үшін өте ұлken маңызға ие, түрік фольклортануының негізі болыш саналатын төрт томдық «Türk Folklor ve Etnografya Bibliografiyası» атты еңбек те бар. Сонымен бірге, аталған ұйымның алғашқы басшыларынан Жахит Өзтеллінің бастаудың құрылған, бүгінде Пертев Наили Боратав атындағы мамандандырылған кітапхананы да атауға болады. Үлттық фольклор зерттеу институты кейіннен атын өзгертуіп Халық мәдениетін зерттеу және дамыту басқармасы (Halk kültürlerini Araşturma ve Geliştirme Genel Müdürlüğü) қысқаша атап НАГЕМ) деп аталып, 1975 жылдан бүгінгі күнгө дейін түрлі саяси манипуляцияларға қарамастан әр бес жылда бір рет Халықаралық түрік фольклор конгресін өткізуі келеді. Сонымен қатар, жүйелі түрде халық туындыларын жинақташ, архивке сақташ, жариялаш, соңғы жылдарды электронды жүйеге енгізілген архиві – бұл ұйымның түрік фольклортануы үшін атқарған еңбектерінің негізгілері.

Кейіннен Ататүрік университетінде профессор, доктор Мехмет Кащан және оның шәкіртері Мухан Бали, Умай Ғұнай, Сайм Сакаоглу, Білге Сейідоғлу, Фикрет Түркмен, Енер Аслан және Хажеттепе университетінен Шукру Елчин, оның шәкірті Дурсун Йылдырым, бұлармен қатар өз зерттеулерін шет елдерде жүргізген профессор, докторлар Нермин Ердентуғ, Метин Анд, Өздемир Нұтқу, Хасан Өздемир, Невзат Гөзайдын және т.б. көптеген зерттеушілердің зерттеулері арқасында түрік фольклортануы қайта жаңданып, фольклортануға байланысты жаңа курстар ашылып, Түркияда фольклортану жаңа белестерге жете бастайды.

1980 жылдан бастап Түркияда жаңа кезең басталады. Профессор, доктор Дурсун Йылдырымның Жоғарғы білім комитетіне (YÖK) ұсынған «Фольклор туралы жалпы түсініктер және фольклор бөлімдерінің университеттерімізде құрылуына байланысты ойлар» атты есебінің нәтижесінде университеттерге фольклортану бөлімдерінің ашылуына рұқсат беріледі. Алғашында Анкара және Хажеттепе университеттерінде ашылған Түрік фольклортану бөлімдері кейіннен 20-дан астам университеттерде ашылаш, Түркияда фольклортану мәселелері бойынша көптеген зерттеулер атқарылып, бүгін де жалғасын табуда.

Кенжалин К. Түркиядағы фольклорғану зергитеулерінің ...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Yıldırım Dursun.* Türkiye'de Folklor Araştırmalarının Gelişme Merhaleleri. Şükrü Elçin Armağanı. Ankara:Hacettepe Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Yay. s.115-128
2. *Evlıyaoğlu S., Baykurt S.*Türk Halkbilimi. Ankara,1988.
3. *Örnek S.* Veyis. Türk Halkbilimi. Ankara, İş bankası Yayınları, 1977.

REZUME

KENJALIN K. (Almaty)
SHORT HISTORY OF FOLKLORE STUDY IN TURKEY

The article refers to studies problem folklore Turkey foundation which was laid at the beginning of last century. During this period, despite the difficulties, political games Turkish folklore is studied in more than 20 universities. And today, numerous studies have problems in the folklore of Turkey is its continuation.

БАБАЛАР МУРАСЫН ХАЛЫҚҚА ЖЕТКІЗГЕН АБЫЗ



Сейіт Асқарұлы Қасқабасов 1940 жылдың 24 маусымында Семей қаласында дүниеге келген. Ол өзінің тынымсыз еңбегі арқасында қазақтың фольклорғану ғылымындағы прозалық жанрды жан-жақты зерттеу арқылы қазақтың бай ауыз әдебиетін дүниеге танытты. XX ғасырдың 70-ші жылдары қазақ фольклорғану ғылымы жаңа белеске көтерілді. 1972 жылы жарық көрген «Казахская волшебная сказка» атты монографиясы сол жылы КСРО Ғылым академиясының таңдаулы бес кітабы қатарына кіріп, бұл еңбек одақ көлемінде жоғары бағаға ие болды. Осылайша ғалымның атағы Қазақстан көлемінен асып бүкіл одақ көлеміне таныла бастады. Қазақ халық прозасын түбірінен терең зерттей келе бүрынғы батыстың миф туралы сыңаржақ түсінігіне қарсы шықты, қазақ мифінің европалық үгымдағы мифтен бөлек әрі көне жанр екендігін, түркі халықтарының өзіне тән мифі мен мифологиялық әңгімелері ешбір елдің миф жанрынан кейін емес екендігін жан-жақты дәлелдей берді.

Ғалым «Қазақтың халық прозасы» атты еңбегінде фольклордағы прозалық шығармаларды аныздық және ертегілік проза деп екі үлкен топқа бөліп қарастырады. Бұл еңбегінде мифтің пайды болуы, оның даму сатылары мен циклдену дәуірін ғылыми негізде анықташ береді. Ертегі жанрының

Әбжет Б. Бабалар мұрасын халыққа жеткізген абыз.

барлығы қиялдан тұған деген біржақты түсінікті жоққа шығарып, ерте дәуірде өмір сүрген адамдардың дүниенің жаратылышы туралы дүниеге әкелген миғтік ұғымдарының уақыт өте келе ез қасиетінен айрылуы себепті ешкім сенбейтін дәрежеге жеткен тұста ертегі жанрына айналатындығын фольклортану ғылыминың заңдылығына сәйкес дәлелдеп шықты. Аңыздық жанрдың ертегі жанрынан көне екендігіне назар аударып кей жағдайда аңыздың ертегіге айналу кезеңі туралы мынадай анықтама береді: «Аңыздық проза тыңдаушы мен айтушыларында еш күдік тұтызбайды, оған ел сенеді, ал ертегілік прозада ойдан шығарылған, қиялдан тұған жәйттер көп екендігін халық жақсы түсінеді, екіншіден, дүниеге ең алдымен аңыздық прозаның сюжеттері мен жанрлары келеді, одан соң бұл сюжет пен жанрлар ел арасында өсіп, ертегілік проза түріне ауысады» дей келе аңшылар туралы аңыздарды мысалға келтіреді. Бұл еңбектің дүниеге келуі қазақ фольклортану ғылымиңдағы үлкен жаңалық болды. Осы еңбек арқасында қазақ фольклортану ғылыми әлемдік деңгейге көтерілді деуге болады.

Монография жарық көрген соң көптеген ғалымдар бұл кітап туралы мақалалар жазды. Америка Кұрама Штатында арнайы рецензия жарияланды. Ғалымның ғылымға сінірген еңбегі жоғары бағаланып, ол 1984 жылы Ғылым академиясының ең жоғары марашаты – Ш.Уәлиханов атындағы I-дәрежелі сыйлығын алса, 1992 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы беріледі. 1991 жылдан бастап Финляндиядағы Халық шығармашылығын зерттеушілердің Халықаралық қоғамына толық мүші болыш қабылданады. 1995 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, кейін толық мүшесі болыш сайланады. Сонымен қатар Монголиядағы Шыңғыс хан академиясының, Қыргызстандағы Ш.Айтматов академиясының мүшесілігіне де сайланады.

С.Қасқабасов – қазақ фольклортану ғылымиңда өзіндік мектеп қалыптастырыған дара тұлға. Қазіргі қазақ фольклортану ғылыминың дамуы С.Қасқабасовтың есімімен тікелей байланысты деуге болады. Қазақ фольклорында ертегіден тыс проза жанры тұңғыш рет жүйелі түрде зерттеліп, оның көркемдік ерекшелігі мен поэтикасы, сюжеттік құрылымы анықталды, оларға жеке-жеке анықтама берілді. Одан бөлек халық әдебиетіндегі драма жанры да арнайы қарастырылып оның әдет-ғұрыштық, ойын-сауықтық және театрлық көсіби формаларын анықтап көрсетті. Фольклордың зерттелмелей жатқан осы сияқты салаларын дамыту бағытында көптеген шәкірттер тәрбиеледі. Оның жетекшілігімен 13 ғылым докторы мен 25 ғылым кандидаты өздерінің диссертацияларын сөтті қоргады. Қазақстан ғылымын дамыту жолында 1992 жылы Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы ғылым саласындағы білікті мамандар даярлау үшін құрылған Жоғары аттестациялық комиссияның үйінде жасалған 13 ғылым докторы мен 25 ғылым кандидаты өздерінің диссертацияларын сөтті қоргады. Қазақстан ғылымын дамыту жолында 1992 жылы Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы ғылым саласындағы білікті мамандар даярлау үшін құрылған Жоғары аттестациялық комиссияның үйінде жасалған 13 ғылым докторы мен 25 ғылым кандидаты өздерінің диссертацияларын сөтті қоргады. Өз халқының мәдени мұрасын көзінің қарашығындаң сақтайтын ғалым 1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Идеология бөлімінің

консультантты әрі Саяси процестер социологиясы Оргалығының жетекшісі ретінде репрессияға ұпырап, аты ұмытыла бастаған классиктерімізді әдебиетімізге қайта оралту жолында аянбай еңбек етті.

Қазір өзі басқарыш отырған М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша халық әдебиетінің 100 томдық «Бабалар сөзі» атты сериясының 70 томын жарыққа шығарды. Жазба әдебиетіміздің қалыптасу, даму кезеңдеріне орай қолға алынған 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясының 10 томы баспаға ұсынылды. Одан білек әдебиет теориясы мен өнертану саласына байланысты ғылыми-зерттеу еңбектері де бірнеше том болып жарыққа шыға бастады. Бабаларымыз аманаттаған кеткен ұлан-ғайыр мол жәдігерлерімізді жүйелеп, оны халыққа жеткізуі өзінің азаматтық борышы санайтын ғалым өзінің үйымдастырушылық және іскерлік қабілетімен қазіргі кезде күллі халықтың көзайымына айналыш отыр.

*Әбжет Бақыт Сырымұлы
филология ғылымдарының кандидаты*

МАЗМУНЫ, СОДЕРЖАНИЕ, İÇERİK, CONTENTS

ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ				
<i>Юсупов А.</i> (Казан)	<p>Стилистическая вариативность грамматических форм глагола в языке суфийских произведений XIX века XIX ғ. жазылған сөзілшік шығармалар тіліндегі етістіктің грамматикалық формаларының стильдік вариантылығы</p>			
<i>Yusupov A.</i> (Kazan)	<p>XIX asırdaki tasavuffi eserlerdeki fiillerin gromatik şekillerinin guslup açısından nüshaları Stylistic variability of grammatical verb forms in the language of Sufi works of 19th century</p>			
<i>Жубатова Б.Н.</i> (Алматы)	3-10	<p>Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдердің тарихынан Из истории арабско-персидских заимствованных фразеологизмов в казахском языке</p>		
<i>Jubatova B.N.</i> (Almati)	11-16	<p>Kazak dilindeki arab, fars girme frazeoloji tarihi History of Arabic-Persian phraseological loans in the Kazakh language</p>		
<i>Бейсетаев Р.</i> (Карағанды)	17-28	<p>Қазақ тілі дауысты дыбыстарының биологиялық жасалымы және табиги ерекшеліктері Биологические образования и естественные специфики гласных звуков казахского языка</p>		
<i>Beysetayev R.</i> (Karaganda)	17-28	<p>Kazak dili ünlü seslerinin biyolojik yapısı ve doğal özellikleri Biological formation and natural features of Kazakh vowels</p>		
<i>Исабекова У.К.</i> (Алматы)	29-32	<p>Тұбірлер – тіл білімінің мәнгілік мәселесі Корни – вопросы вечности языкоznания Kökler – dil bilgisinin ebedi meselesi Roots - questions of forever in the language study</p>		
<i>Әнес F.</i> (Алматы)	33-37	<p>Махамбет өлеңдері нұсқаларындағы мақсатты және тыныс белгісіне қатысты пайдада болған ауыткулар Пунктуационные и лексические отклонения в стихах Махамбета</p>		
<i>Anes G.</i> (Almati)	33-37	<p>Mahembet şiirleri nüshalarındaki amaçlı ve noktalama işaretleri açısından ortaya gelen değişiklikler Punctuation and lexical deviations in poetic editions of Mahambet Utemisuly</p>		

ӘДЕБІЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

<i>Ислам Д.</i> (Түркістан)	Тұрік халықтары поэзиясына ортақ дәстүр мен жаңашылдық мәселелері және қазіргі қазак өлеңіндегі зерттеу жайы Общие проблемы традиции и новаторство в тюркской народной поэзии и исследования казахских стих на современном этапе	38-45
<i>Islam D.</i> (Türkistan)	Türk halk manzum eserlerinde ortak gelenek ve yenileşme meseleleri ile günümüz Kazak şiirindeki inceleme sorunları Common problems of traditions and neuness in Turkic folk poetry and investigations of kazakh poems in modern stage	
<i>Оралбайев Ө.</i> (Астана)	Ақын, заман және шығармашылық жауапкершілік Поэт, эпоха и творческая ответственность	46-49
<i>Oralbayev Ö.</i> (Astana)	Şair, zaman ve uzmanlık sorumluluk Era, poet and creative responsibility	
<i>Балтабаева Г.С.</i> (Алматы)	Көне тұркі Кек Бөрі тотемі және қазіргі қазак әңгімесі Древнетюркский тотем Кок Бори и современные казахские рассказы	50-55
<i>Baltabayeva G.A.</i> (Almati)	Eski türklerdeki bozkurt sembolu ve şimdiki kazak hikayesi Ancient Kok Bori totem and modern Kazakh stories	
<i>Танжарыкова А.</i> (Алматы)	Қазақ прозасындағы тұркі халықтарына ортақ фольклорлық сарындар Общие для тюркских народов фольклорные мотивы в казахской прозе	56-62
<i>Tanjarkova A.</i> (Almati)	Kazak hikayesindeki türk halklarına ortak olan folklor motivleri Common folklore ways of Turkic peoples in Kazakh poetry	
<i>Юсупова Н.</i> (Казан)	Трансформация суфийских символов в татарской поэзии начала XX века XX ғ. татар поэзиясындағы сопылық символдар трансформациясы	63-68
<i>Yusupova N.</i> (Kazan)	XX asıldaki Tatar şiirindeki tasavvufi sembollerin transformasyonu Transformation of sufi symbols in Tatar poetry of early 20 th century	

<i>Акамов А.Т. (Махачкала)</i>	Композиционный приём «вопрос – ответ» в поэзии Абдурахмана из Какашуры Какашурлық Абдурахманың поэзиясындағы «сұрап-жаяап» композициялық тәсілдер	69-72
<i>Akamov A.T. (Makaçkala)</i>	Kakaşurlu Abdurahman'ın şiirindeki "soru – cevap" kompozisyon metodları Compositional way "question-answer" in the poetry of Abdurakhman from Kakashura	
<i>Омаров Т. (Шымкент)</i>	Сүйінбай мен Қатағанның айтысы Айтыс Суюнбая и Катагана	73-80
<i>Omarov T. (Şımkent)</i>	Süyinbay ile Katagan'ın atışması Aitys between Suinbai and Katagan	
<i>Шысыр И.С. (Бишкек)</i>	Известные исторические события в преданиях хуэйцзу (дунган) Центральной Азии Орталық Азиядағы хуэйцзу (дүнген) аңыздарындағы танымал тарихи оқиғалар	81-87
<i>Şisyır İ.S. (Bişkek)</i>	Orta Asya huytsu (düngen) efsanelerindeki belirgin tarihi eserler Legends of Huaiszu (Dungan) of Central Asia of famous historical events	
<i>Әбжет Б. (Түркістан)</i>	«Шахнама» дастанындағы кейіпкер Рұстемнің қоғамдық формациялардағы көріністері Облик героя руствема из дастана «Шахнама» в общественной формации	88-93
<i>Abjet B. (Türkistan)</i>	“Şahname” destanındaki kahraman Rüstem’nin sosyal formasyonlardaki görünüşü Scenes in social formation of ‘Shahnname’ character Rustem	
<i>Жакан Д. (Алматы)</i>	Жоқтау өлеңдеріндегі мұсылмандық сарын сипаты Мусульманские мотивы в поминальных песнях	94-97
<i>Jahan D. (Almati)</i>	Ağıtlarındaki İslami motifler Muslim characterization in burial ceremony songs	
<i>Музafferова С. (Түркістан)</i>	Өзбек халық жоқтауларының жанрлық ерекшеліктері Жанровые особенности в поминальных песнях узбекского народа	98-103
<i>Muzaffarova S. (Türkistan)</i>	Özbek halk ağitlarının janrı özellikleri Genre peculiarities of Uzbek burial ceremony poetry	
ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ		
<i>Егоров В.Г. (Чебоксары)</i>	Народный орнамент как средство формирования духовно-семейных ценностей Халықтық ою-өрнектер отбасылық рухани күндылықтардың қалыптасу құралы ретінде	104-110
<i>Egorov V.G. (Çeboksarı)</i>	Milli desenlerin ailevi, manevi kıymetleri yaşatmadaki yeri Role of national ornaments in establishing the spiritual family traditions formation	

<i>Құмарұлы Я. (Үрімжі)</i>	Көшпелілер мен Қытайдың орта жазық жылқы мәдениеті	
<i>Kumarulu Y. (Ürümçi)</i>	Кочевники и культура коневодства в Средней равнине Китая	111-121
	Göçmenler ve Çin'in Orta düz at kültürü	
	Influence of nomadic horse culture on the ancient Chinese middle flat culture	

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

<i>Базылхан Н. (Алматы)</i>	Древнетюркские письменные памятники Центральной Азии	
	Орталық Азиядағы көне түрк бітік ескерткіштері:	122-135
<i>Bazylhan N. (Almaty)</i>	этноархеологиялық талдаулар Orta Asya'nın eski türk yazı abideleri Studying Ancient Turkic Of Written Monuments: Ethnoarcheologic Aspect's	

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ДІН

<i>Қаратышқанова К.Р.</i> (Түркістан)	Сонының белгілінші қалыптасуындағы жүрек көзінің мәні	
<i>Karatışkanova K.R.</i> (Türkistan)	Смысъл сердца в формировании суфийского знания Tasavvuf ilimindeki kalp gözünen rolü Significance of the Formation of Sufism Knowledge	136-141

ЯСАУИТАНУ

<i>Корғанбеков Б.</i> (Шымкент)	Место Ходжа Ахмеда Ясави в казахской культуре	142-153
<i>Korganbekov B. (Şimkent)</i>	Kazaklar medeniyetindeki K. A Yesevi'nin hikmetlerinin yeri The place of K.A.Yasawi kazakh culture	

ШОЛУ

<i>Кенжалин К. (Алматы)</i>	Түркиядағы фольклортану зерттеулерінің қысқаша тарихы	
<i>Kenjalin K. (Almaty)</i>	Краткая история исследования фольклористики в Турции Türkiye'de folklor araştırmalarının kısaca tarihi Short history of Folklore Study in Turkey	154-157

АКАДЕМИК С.ҚАСҚАБАСОВ 70 ЖАСТА

<i>Әбжет Б. (Түркістан)</i>	Бабалар мұрасын халыққа жеткізген абыз	
<i>Abjet B. (Türkistan)</i>	Мудрец – доносящий наследие предков народу Babalar mirasını halka ullaştıran Bilgeler	158-160

Редакцияның мекен-жайы:
487010, Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Фылым Оргалығы, Н.Назарбаев көшесі, 8^а
“Түркология” журналының редакциясы, 4-бөлме.
Тел.: (8-32533) 6-38-01,
Факс: (8-32533) 6-38-01

E-mail: turkologi@mail.ru

Журналдың электрондық нұсқасын www.turkistan.kz сайтынан оқуға болады.

Журнал Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің “Тұран” баспаханасында көбейтілді.

Колжазба қайтарылмайды.
Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік.
Шартты баспа табағы 11,5.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс.